



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КЕМТАР ЖАНДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАРДЫ ҚОЛДАУ КЕРЕК



Мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселесі мемлекет назарынан тыс қалған емес. Бүгінгі таңда Қазақстанда Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға сай мүгедектігі бар адамдарға қатысты кемсітушілікті жоюға, еңбек, денсаулық сақтау, білім алу құқығын қамтамасыз етуге, сот төрелігіне қол жеткізуге, жеке басына қол сұғылмаушылыққа бағытталған нормаларды имплементациялау процесі жалғасуда. Алайда, жедел шешуді талап ететін бірқатар өзекті мәселелер де бар.

(Соңы 3-бетте)

ОҢ ҚАДАМ

ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНҒАНДАР КӨПКЕ ҮЛГІ

Қойны-қонышы қазба байлыққа толы еліміздің «Жасыл экономикаға» бет бұруы қуантпай қоймайды. Өйткені, мұнайдың да, көмірдің де, уранның да қоры уақыт өте таусылатыны ақиқат. Сондай сәт туғанда абдырап қалмас үшін қазірден бастап «Жасыл экономикаға» бет бұруымыз қажет-ақ!

Бұл жерде бар мәселе біздің елде көмірсутегі қорының аздығы немесе көптігіне ғана байланысты емес екенін түсінуіміз керек. Өйткені, «Жасыл экономиканың» адамзаттың болашағында пайдасы зор екендігін қазірдің өзінде сезініп отырмыз. Осы орайда атап айта кетсек, «Жасыл экономика» – бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ, пайдаланылған өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін болашағы зор экономика. Және де «Жасыл экономика» сарқылуға ұшыраған ресурстарды үнемді тұтыну мен күн мен жел қуаты секілді сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін ұғым. Бүгінде «Жасыл экономиканың» пайдасын түсінгендер өздері-ақ оған көшуге ықылас танытуда. Мәселен қазірдің өзінде ауыл, аудан орта-

лықтарынан шалғайда орналасқан, электр энергиясы тартылмаған кейбір мал шаруашылығымен айналысатын шаруалар үйінің айналасына күннен энергия алатын құрылғыларды аямай орнатып тастаған. Соның арқасында электр энергиясынан таршылық көрмей, теледидарын көріп, ұялы телефонын қуаттандырып, үйін электр энергиясымен толық қамтамасыз етіп отыр. Ай сайынғы төленетін коммуналдық ақыдан да ада, табиғаттың бергенін өз игілігіне тиімді пайдаланып отырған шаруалардың әрекеті сүйсінтпей қоймайды. Сондай-ақ, тұрғындардың өзара ойласа келе көшелеріне күннен қуат алатын шамдар орнатып алғанын да байқап жүрміз. Ешкімге электр энергиясы үшін қарыз емес, қалтаға да салмақ салмайтын мұндай энергия көздерін пайдалану ел ішінде артып келеді. Бұл электр қуатына төленетін төлемнің азаюына ықпал етумен бірге, қуат көзін

үнемдеуге де мүмкіндік береді. Қарапайым халықтың оны қолдап, тіпті күнделікті тұрмысында қолдана бастауы көпке үлгі етуге тұрарлық. Демек, еліміздің осы бағытта атқарған жұмыстары текке кетіп жатқан жоқ. Мемлекеттің «Жасыл экономикаға» бет бұрысы халықтың да ойынан шығып отырғанын осыдан аңғарып жүрміз. Негізгі мақсаты «жасыл экономика» болған «ЭКСПО–2017» халықаралық көрмесі де халқымыздың санасына оң ықпал еткені байқалады. Мемлекет бұл бағыттағы жұмысын жалғастырып, «Жасыл экономиканы» ел игілігіне жаратудың жолдарын одан әрі кеңейте бергені дұрыс. Жалпы, әлем халықтары тұтынатын қуаттың 85 пайызы мұнай мен газ және көмір арқылы алынады екен. Егер осы бетімізбен кете берсек олардың негізгі қорлары 40-100 жылдың арасында таусылатынын мамандар дәлелдеп отыр. Мәселен, мұнай қорлары 40-50 жылда, газ қорлары 80 жылда, уран қорлары 80-100 жылда, көмір 400-500 жылда таусылуы мүмкін екені болжанған. Сондықтан жасыл экономикаға бет бұруымыздан күтер үміт көп.

(Соңы 3-бетте)

СҮЙІНІШ!

БАЙҚАУ!
БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

– детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;

– детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;

– шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;

– осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢИЗ!
ІСКЕ СӨТ!

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Сұлтан СҮЛЕЕВ,
Алматы облыстық салалық
кәсіподақтар ұйымының төрағасы:

«АЗАМАТТЫҚ
ҚОҒАМНЫҢ
ДАМУЫ
КӘСІПОДАҚТЫҢ
ЫҚПАЛЫН
АРТТЫРАДЫ»

– Кәсіподақ ұйымдарының немен айналысып, қандай жұмыс атқаратынын көп адам біле бермейді. Кейбір азаматтар үшін кәсіподақ ай сайынғы жалақысының 1 пайызын аударатын ұйым ғана. Кәсіподаққа байланысты құқықтық сауаттың, теріс пікірдің қалыптасуына не себеп? Жалпы, мектептегі кәсіподақ ұйымдары немен айналысуда?

– Ізденген, көзі ашық адам кәсіподақтың немен айналысатынын, ұйымнан қандай қолдау, көмек алуға болатынын жақсы білсе керек.


(Соңы 5-бетте)

Біз еліміздің тарихында жаңа демократиялық және құқықтық мемлекет құрып, азаматтық қоғамның белсенділігі нығайып, экономикасы қарыштап реформацияланатын күрделі әрі өзгерісті кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Осы өзгерістердің қозғаушы күші – заманауи қоғамдық-саяси үрдістердің негізінде нормативтік құқықтық базаны және мемлекетіміздің негізгі заңын жаңғыртып, жетілдіретін заңнама.

Қазақ халқының өміріндегі осындай тарихи маңызды кезеңде Қазақстан Республикасының әділет органдары өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өткелі отыр. Латын тіліндегі «Әділет» сөзінің негізі «әділеттілік» ұғымымен байланысты.

Құқықтық мемлекет құру – біз үшін, әсіресе, қазіргі таңда – құқықтық, халық үніне құлақ асатын мемлекет құруда, халық игілігі үшін мемлекеттік функцияларды орындауда ешқашан да өзектілігін жоймайтын ұзақ үдеріс. Біздің өміріміздің бірде-бір саласын құқықтық қолдаусыз елестету мүмкін емес. Сондықтан мемлекеттік биліктің күрделі механизмінде әділет органдары мемлекет қызметінде және қоғам өмірінде айрықша орын алып, заңның рухы мен қарпіне адал қызмет етіп, оның үстемдігін әділеттілік қағидалары арқылы бекіте отырып, мемлекет пен жеке тұлғалардың мүдделерін теңгерімде ұстауда маңызды рөл атқарады. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, олар өздерінің негізгі миссиясын – Қазақстан азаматтарының конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асырады.

Осы 30 жыл ішінде еліміздегі органдар мен мекемелердің тиімді орталыктандырылған жүйесі құрылды. Оның міндеті – елдің біртұтас құқықтық кеңістігін құру жөніндегі аса



маңызды міндеттерді шешу. Ведомство қызметінің әрбір бағыты іргелес құқық салаларына да әсер етеді. Сондықтан бейінді орган ретінде ол еліміздегі барлық құқықтық салаларды өзара байланыстыратын буын деп танылады.

Мен әділет органдарында заңнамалық, саяси шешімдер мен экономикалық өзгерістердің іргетасы қаланған, дербес және тәуелсіз мемлекеттің дамуы үшін құқықтық кеңістік құрылған жылдары жұмыс істедім. Өмірдің барлық саласында дербестікке қол жеткізуге ұмтылған елімізге жаңа заңдар, оларды әділеттілік пен тәуелсіздік қағидаларын сақтай отырып сәтті қолдану қажет болды. Республикада болып жатқан саяси және экономикалық түрленудің осы қызықты және қарқынды уақытында қызмет ету, оларды құқықтық сүйемелдеу бойынша практикалық тәжірибе жинау, норма шығару, жаңа заң технологияларын іздеу, ұйымдастырушылық, ресурстық және кадрлық қамтамасыз ету мәселелерін шешу мен үшін үлкен кәсіби бақыт және орасан жауапкершілік болды.

Осындай сан қырлы қызметке аянбай атсалысқан әріптестерімді асқан құрметпен еске аламын. Өңірлердегі мемлекеттік органдардың тиімділігін арттыру, жаңа коммуникациялық құралдарды құру және жетілдіру мақсатында олардың жүйесін жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. Осы жылдары жүзеге асырылған барлық

ҚҰҚЫҚ

ЗАҢҒА ЖӘНЕ ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

қайта құрулардың мәні мен маңызы – төмен тұрған аудандық деңгейлерге заңнамалық актілердің қысқа мерзімде жеткізілуі үшін жаңа заңдарды жүйелендіру және қолдану жұмыстарын ұйымдастырумен өзектес. Бұл жолға қойылған жұмыс пен бақылау тиісті органдардың азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сенімді әрі ұтымды қорғау жөніндегі тікелей міндеттерін орындау мақсатындағы іс-әрекеттерін жақсартуға ықпал етті.

Сол өтпелі кезеңде қазақ құқығы өмір шындығы мен заманауи үрдістерден қалыптасты. Ел өзгерді – заңдар өзгерді, бұл үдеріс барысында ел экономикасы мен қоғамның сұранысын қанағаттандыру үшін заңгерлер, құқытанушы ғалымдар жаңа заңнамалық базаны қалыптастырды. Заң шығару қызметі заң нормалары барынша айқын әрі түсінікті болуы үшін заңнамалардағы олқылықтар мен қайшылықтарды жоюға мүмкіндік берді.

Бастапқыда әділет органдарына заңнамалық актілерді дайындау және сараптау, нормативтік актілердің құқықтық тазалығын, коммерциялық емес ұйымдардың қызметін, жүргізіліп жатқан мәмілелердің заңдылығын қамтамасыз ету мақсатында бақылау-қадағалау функцияларын, заңдардың қабылдануын және сақталуын бақылау, сот-сараптама қызметін дамыту, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу, адвокаттар алқасының, нотариустардың, түрлі қоғамдық бірлестіктердің қызметін үйлестіру және реттеу бойынша міндеттер жүктелді. Мұның барлығы мемлекет пен еліміздің азаматтары мүддесінің қисынды тепе-теңдігін жасауға, жалпыға ортақ адами және аза-

маттық құқықтарды лайықты қорғауға және сақтауға бағытталған.

Осы ауқымды жұмыстар мен мақсатты шаралар, қазақстандық қоғам мен мемлекеттіліктің тұрақты дамуы, норма шығару саласындағы мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету, азаматтық айналымның өзекті мәселелерін шешу жолындағы практикалық қадамдар әрдайым жан-жақты сипатта болды. Өзінің қалыптасу және даму жылдарында сот органдары стратегиялық міндеттерін – мемлекетті нығайту, ұлттық заңнаманы қалыптастыру, елде біртұтас құқықтық кеңістік құру, құқық қорғау жүйесіне басымдық беруді ұтымды шешу мақсатында елеулі реформалардан өтті деп сенімді түрде айта аламын.

Сонымен қатар, құқықтық реттеу функциялары мемлекеттік органдармен ғана емес, бірінші кезекте халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу, құқықтық ағарту және ақпараттандыру, кәсіби заңгерлік көмек нарығын реттеу, құқықтық мәдениетті жетілдіру тұрғысында өзара әрекеттесуді талап етеді. Азаматтарға заң қызметтерін көрсету бойынша қолжетімділікті дамыту үшін электронды құжат айналымы мен цифрландырудың заманауи технологияларын белсенді түрде енгізуді үзбей жалғастыру қажет.

Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біріккен ұлт. Өркендеген қоғам» жолдауының аясында бүгінгі таңда заң шығару қызметі белсенді түрде жүзеге асырылып жатыр. Ал осы жұмыс ұлттық заңнаманы жетілдіру, заңдылық пен құқықтық тәртіп қағидаларын нығайту, цифрландыру, заманауи ақпараттық технологияларды енгізу, азаматтардың құқықтарын

қорғау өкілеттігін кеңейту және олардың кәсіби біліктілік алуын жеңілдету бағытындағы қадамдар тұрасында жаңа ауқымды міндеттер бойынша жұмыстарды атқарып, жаңа Қазақстан құруға бағытталған.

Мемлекеттік жүйеде әділет органдарына біртұтас және тиімді құқықтық кеңістікті қалыптастыруда, құқықтық мемлекет негіздерін нығайтуда, елдің әлеуметтік, құқықтық және саяси өмірінде, нотариат, адвокаттық қызметті күшейту бойынша ұтымды мемлекеттік саясатты жүргізуде, заңгерлік бірлестіктердің қызметін ұйымдастырудың заманауи нысандарын енгізуде жауапты рөл жүктелген.

Қазақстанның әділет органдарының 30 жылдығы – еліміздегі барлық заңгерлердің мерекесі. Сот қауымдастығы атынан оның құрылуы мен қалыптасуының қайнар көзінде тұрған, заң жүйесінің тиімділігін арттыруға, қоғамның демократиялық институттарын дамытуға бар күш-жігерін салған сот төрелігінің барлық ардагерлерін, сондай-ақ, бүгінгі таңда сабақтастық дәстүрін үзбей жалғастырып келе жатқан барша қызметкерлерді осы мерейтоймен құттықтаймыз. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында қазақ әділет органдарының жүйесі лайықты орында.

Заң мен мемлекетке қызмет етуде, ел азаматтарының құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қорғауда кәсібилік пен адалдық, сондай-ақ, дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық және баянды бақыт тілейміз!

Сәкен АБДОЛЛА,
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы
ҚР Судьялар одағының төрағасы

ТАЛҚЫ

АШЫҚ ҚОҒАМҒА – АШЫҚ АРХИВ



ҚР Президенті Архивінің ұжымы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауын талқылады.

Жиынды ашып, баяндама жасаған Архив директоры Әлия Мұстафина мемлекеттің азаматы ретінде қазір бейжай қалуға болмайтын тарихи өтпелі кезеңдерді басымыздан кешіріп жатқанымызды айтты. Ол өз сөзінде: «Еліміздің тағдыршешті уақытындағы өзгерістерде біздің ұжым ешқашан сырт қалған емес. ҚР Президентінің Архиві болғандықтан, әрқашан өзіміздің кәсіби қызметімізден бөлек, елдегі науқандар мен Мемлекет басшысының бастамаларынан хабардар болып отыруымыз керек. Жаңа Президент, жаңа кезең, жаңа бағыттағы құжаттар қолданысқа еніп жатыр. Ерте

ме, кеш пе оның бәрі архивке тапсырылатыны анық. Сол себепті бізге осы уақыттан бастап дайындық жұмыстарын жүргізіп, құжаттарды қабылдау мен сақтаудың әдіс-тәсілдерін, жаңа қор атауы мен орнын анықтап қойғанымыз жөн. Ұлт тарихының жауапты кезеңдеріндегі құжаттарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу біздің басты міндетіміз», – деді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 20 қыркүйекте БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 77-сессиясы аясында жалпы пікірсайыста Қазақстан өңірлік күн тәртібінің өзекті мәселелерін шешу үшін барлық мүдделі тараптармен бірлескен жұмысты жалғастыратынын айтып өткен болатын. Барлық саланы халықаралық деңгейде дамытудың айқын жолын ұсынған Мемлекет басшысына архив ұжымы үлкен сенім білдіріп отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы Қ.Тоқаевтың жарлығымен 2022 жылғы 20 қарашада өтетіні белгілі болды. Қаулы 21 қыркүйекте жарияланды.

Айта кеткен жөн, ҚР Президентінің Архиві халықаралық мамандардың қатысуымен «Ашық қоғамға – ашық архив» атты архившілердің конгресін ұйымдастыруда. Конгресс 19-21 қазан күндері Алматы қаласында өтеді. Бұл отандық архив саласына тын серпіліс әкелетін құнды тәжірибе болмақ.

Нұрлан ТОҚСАБАЕВ,
ҚР Президенті Архивінің аға сарапшысы

МІНБЕР

ЖАҚСЫ СӨЗ ЖАРАНЫ ДА ЖАЗАДЫ

«Алмас қылыш майданда серік, асыл сөз майданда да, сайранда да серік», «Жақсы сөз жараны да жазады» дегенді бабаларымыз тегін айтпаған. Бұл мақалдардың туралығына әр сот шешімі шыққан сайын көз жеткізесің.

Сот шешімі – судья қызметінің ең түпкі нәтижесі. Шешімді шығарғанға дейін судья қаншама құжатты зерделейді, тараптар ұсынған талай уәж бен дәлелдің аражігін ажыратады. Соған сәйкес, заңдарды парақтап, дауды әділ, тура шешуге барын салады. Ал сондай үлкен еңбекпен шығарылған шешімді тараптардың бәрі бірдей түсіне қоюы екіталай. Өйткені, заңның тілі судьяға түсінікті болуы мүмкін. Судьяның жұмысы заңмен тікелей байланысты. Ал қарапайым халық заң тілін жетік біле бермейді, құқықтық терминдер олар үшін мүлде бейтаныс. Сондықтан, тек заңдық терминдер мен құжаттарды қолдана отырып жазылған шешім тараптардың санасына жетпейді. Соның салдарынан халықтың судья жұмысына, жалпы сот жүйесіне көңілі толмайды. Осыдан келіп құқықтық тұрғыдан сот залында жеңілген тарап

өзгелердің ықпалында кетеді, сотқа қатысты теріс пікір қалыптастырады. Сот шешімінің негізділігіне көзі жетіп тұрса да, кейбір азаматтардың өзгелердің жол нұсқауымен жоғары сатыларға арызданып, босқа әуреленетіні де сондықтан.

Мұндай кемшілікке жол бермеу үшін сот қабылдаған шешімінің мәнін ашып, заңды күшін, салдарын, орындау міндеттілігін тараптарға жеткізе білуі керек. Бұл халықтың сотқа деген сенімін арттыруға бағытталған маңызды шара, тараптарға көрсетілетін құқықтық-психологиялық жәрдем десек жөн болар. Осы мақсатта Жоғарғы Соттың бастамасымен 2018 жылғы 1 қыркүйектен бері республика соттарында шығарылған әрбір сот шешімі тараптарға кәсіби және қарапайым тілде түсіндіріліп келе жатыр. Сот шешімі ресми құжат болғандықтан, оны дайындаудың, халыққа түсіндірудің де өз тәртібі, мерзімі бар.

Жалпы, Жоғарғы Соттың «Сот шешімі туралы» нормативтік қаулысы 2003 жылғы 11 шілдеде қабылданған болатын. 2018 жылдан сот шешімін түсіндіруге байланысты пилоттық жоба қолға алынып, ол көпшілік көңілінен шыққаннан кейін

нормативтік қаулыға өзгеріс пен толықтырулар енгізілді. Себебі, сот шешімін түсіндіру тәжірибесі енгізілген аз ғана уақыттың ішінде халық жаңа өзгеріске оң пікірін білдірді. Сот шешімінің мәнін, маңызын ұғынған тараптардың жоғары сатыларға шағым түсіру пайызы азайды.

Бұл жобаның негізгі мақсаты – халық пен сот арасындағы сенімді нығайту, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, судьялардың біліктілігін көтеру, соттың жұмысын жандандыру. Сот шешімін түсіндірген кезде, тараптарға сұрақ қоюға мүмкіндік беріледі. Әсіресе, жеңіліп қалған тараптың көкейінде қалған сенімсіздікті ыдырату керек, жауабы жоқ сұрақ қалмау керек. Іс жүргізу кезінде процесске қатысатын тұлғаның әр-намысын қорлайтын немесе қадір-қасиетін кемсітетін, іскерлік беделін кемітетін әрекеттерге тыйым салынады. Сондықтан, шешімді түсіндіру барысында, азаматтардың ешқайсысына артықшылық берілмейтіндігін ескеріп, екінші жақтың да наразылығын тудырмайтындей, тараптармен айттысқа түспей, әр сөздің нүктесін, тиісті тыныс белгілерін қоя отырып, бір ырғакта, тараптардың өзін жеңіл

сезінетін жағдай жасай отырып түсіндіру, үлкен жетістік.

Сонымен бірге, бұл қадам судьялардың сөйлеу дағдысын қалыптастырып, өз ойын қарапайым тілмен түсіндіруіне ықпал етеді. Өз ұстанымын катесіз жеткізу үшін судьяға сенімді сөйлеумен бірге, қысқа ой қорытуды, көкейіндегісін дәл ұсынуды қалыптастырады. Ең бастысы, судья тараптардың жағдайын түсінетінін, барлық мәселеге қанық екенін дәл көрсете білгені жөн. Шешімді тыңдаған адам өз мәселесінің түйінін түсініп қоймай, алдағы уақытта мұндай кемшіліктерге жол бермеудің әліппесін үйренуі шарт.

Тараптар сот шешімін тыңдай отырып өзінің неден ұтылғанын, қай тұстан қате жібергенін сөзсіз мойындауы тиіс. Мұндай жағдайда тараптар арасындағы дауға сол сұтқа нүкте қойылады.

Осы тұрғыдан алғанда сот шешімін түсіндіру тәжірибесінің енгізілуі дер кезінде қолға алынған, халық пен сотты жақындатытын игі бастама болды десек қателеспейміз.

Аида АТАШЕВА,
Ақтау қалалық мамандандырылған
әкімшілік құқық бұзушылық істер жөніндегі
сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КЕМТАР ЖАНДАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАРДЫ ҚОЛДАУ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, Алматы қаласында ерекше қажеттіліктері бар адамдарға стигматизациясыз қолжетімді ортаны қалыптастыру үшін қандай құралдар қолданылуда? Алматы қаласы әкімінің мүгедектігі бар адамдарды қолдау мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі, құқық қорғаушы Вениамин Алаевтың айтуынша, қалада 50 мыңға жуық мүгедек адам тұрады.

— Әдетте мүгедектігі бар адамдардың жоғары білімі жоқ, сәйкесінше, лайықты жұмысы да жоқ. Сонымен қатар, денсаулығына байланысты жұмыс істей алмайтындары бар. Олардың мүгедектік бойынша алатын 60 мың теңге жәрдемақысының күнкөріске жетпейтіні анық, — деген кеңесші бірталай мәселенің шетін шығарды.

Расында, мүгедектігі бар жандардың қала ішінде өздігінен жүріп-тұруы оңай емес. Көп жағдайда құқықтары бұзылып жатады. Әсіресе, шалғайдағы өңірлерде мүгедектігі бар адамдар өз құқықтары және олардың бұзылып жатқаны туралы біле бермейді. Мысалы, қоғамдық көліктердегі жауапты адамдар өз міндеттеріне салғырт қарап, пандусты түсіруге асықпайды немесе дыбыстық хабарламаларды қоспайды. Еліміздегі ірі мегаполистердің бірі болып табылатын Алматыда жағдай басқа қалаларға қарағанда әлдеқайда жақсы. Дейтұрғанмен, мұнда да қалалық инфрақұрылым әлі де жетілдіре түсуді қажет етеді. Егер Алматының өзінде

қолжетімділік деңгейі небәрі 10%-ды құраса, басқа өңірлер туралы не айтуға болады?

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен әлеуметтік тапсырыс негізінде жұмыс істейтін «Тен қоғам» орталықтары пайда болуы көңіл қуантады. Бұл жерде мүгедектігі бар адамдар әртүрлі мәселелер бойынша, атап айтқанда, мемлекеттік бағдарламалардың мазмұны бойынша кеңес ала алады. Игілікті істер мұнымен тоқталмақ емес.

— Алматы қаласына жаңа әкім келген соң, қазіргі уақытта 2025–2030 жылдарға дейінгі мақсаттар көрсетілген қаланы дамыту жоспары әзірленуде. Дайындық жұмыстарына мүгедектігі бар адамдар арасынан сарапшылардың, азаматтық қоғам белсенділерінің де тартылғаны қуантады. Өйткені, олардың басындағы өзекті мәселелерді өздерінен артық ешкім білмейді. Сонымен қатар, қала тұрғындарының әлеуметтік желілер арқылы жолдаған сұраныстары да ескерілуде. Енді бұл жоспарға енген мәселелердің бәрі шешіліп, толық жүзеге асуы үшін күш салуымыз қажет. Бұл мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес сектордың, сондай-ақ, белсенді азаматтардың бірлескен жұмысы болмақ, — дейді Вениамин Алаев.

Қазіргідей қиын кезеңде ерекше қажеттіліктері бар адамдарды жұмысқа тарту бағытында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік мақсатындағы әлеуметтік кәсіпкерлік бастамалардың маңызы зор. Олар қызмет көрсетуден немесе қарапайым нарық үшін өндіріс

орындарын ашудан басқа, мүмкіндігі шектеулі жандарға да қызмет көрсетеді. Мысалы, «Кеңес» әлеуметтік бейімдеу және еңбекпен оңалту орталығын айтуға болады. Ол 1992 жылдан бері денсаулығында кінәраты бар балалардың құқықтарын қорғаумен және қимыл-қозғалыс, сөйлеу, ақыл-ой және психикалық бұзылулар секілді күрделі ақауы бар балаларға медициналық-әлеуметтік, мамандандырылған психологиялық және педагогикалық көмек көрсетумен айналысып келе жатыр. Сондай-ақ, бұл ұйым «ересектерге арналған Жұмыспен қамту орталығы» моделін әзірлеп, сәтті жүзеге асыруда. Онда даму ерекшеліктері бар жастар тұлғааралық қарым-қатынас, өзіне-өзі қызмет көрсету және қолдарынан келетін көлөнер дағдыларын игереді.

Мұндай әріптестіктің тағы бір жарқын мысалы — «Green TAL» әлеуметтік шеберханасының жетекшісі және әлеуметтік кәсіпкерлік мектебінің негізін қалаушы — Эмин Аскеров. Ол 2015 жылы ағаш ұстасы, тігін, киіз цехтары, кафе, автокөлік жуу, т.б. — барлығы тоғыз түрлі бағытты қамтитын «Green TAL» әлеуметтік шеберханасын құрды. Қазір ол әлеуметтік жағдайы төмен әлжуаз топтағыларды жұмыспен қамту мәселелерін шешуде айтарлықтай үлесін қосып келеді.

В.Алаев бұл мысалдардың мүгедектігі бар адамдардың мүдделерін ескере отырып, еңбек және жұмысқа орналастыру нарығын қалыптастыруға үлгі-өнеге болып табылары сөзсіз деп есептейді. Оның ойынша, денсаулық

жағдайына байланысты жұмыс істей алатын еңбекке қабілетті жастағы мүгедектігі бар адамдар ашық еңбек нарығында жұмыс істеуі керек. Сонымен қатар, ол денсаулығында ерекшеліктері бар адамдарды өз еркімен және өз бастамасымен жұмысқа қабылдайтын қарапайым кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі қажет деген пікірде.

— Әрине, мемлекет азаматтардың осы санатының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін олардың білімі мен кәсіптік оқуына көбірек инвестиция салуы керек. Шетелдік тәжірибені қалай қабылдайтынымыздың тамаша мысалдары бар. Алматыдағы КИМЭП және бірқатар университеттерде мүгедектігі бар студенттердің оқуына жағдай жасалған, ақпараттар ыңғайлы форматта беріледі, бейнежазбалар немесе сурдоаудармалар қолданылады, мүгедектер арбасындағы студенттердің аудиторияларға емін-еркін кіріп-шығуына қолайлы пандустар жасалған, арнайы білім алуға қолжетімділік деңгейі осы санаттағы азаматтарды жұмысқа орналастырудың іргетасы болады деп есептеймін, сол себепті мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдау орталықтарын дамыту қажет. Осы орайда сапалы білім алуға, денсаулық сақтауға қолжетімділік — жұмысқа орналастыру — ашық инклюзивті және кедергісіз қоғамдағы өмір тізбегінің үзілмеуін қамтамасыз етудің маңызы зор.

Сонымен қатар, құқық қорғаушы алдағы жұмыс жоспарларымен де ықыластана бөліскен еді:

— Алматыны дамыту бағдарламасының мақсаттарының бірі — қолжетімді және сапалы әлеуметтік инфрақұрылымы бар қалада өмір сүру үшін әлеуметтік орнықтылық пен тұрақтылықты орнату. Қазіргі таңда адамдардың барлығына қолжетімді орта қалыптастыру үшін Даму жоспарының 11 тармағы дайын тұр. Осы міндет аясында біздің алдымызда тұрған ең басты міндет — қалалық инфрақұрылымның (ауруханалар және басқа да әлеуметтік маңызды нысандар) қолжетімділік деңгейін 10%-дан 75%-ға дейін көтеру. Екіншіден, 2030 жылға дейін инклюзивті білім беруге байланысты мәселелерді шешу көзде-

луде, яғни, қала мектептерінің 100%-нда инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру қажет. Осы жоспарды жүзеге асыру үшін біз мүгедектігі бар оқушылармен тікелей қарым-қатынас жасайтын мұғалімдердің біліктілігін арттырумен айналысуымыз керек. Өйткені мұғалімдер қандай да бір мүгедектігі бар оқушылар үшін қолайлы және ыңғайлы ақпарат беру форматын игеруі тиіс. Бұл әртүрлі елдерде қолданылады. Біз университеттерде мүгедектігі бар студенттермен тікелей жұмыс істейтін жүзден астам қызметкер бар. Біздің қаламызда да білім алуға қолжетімділік деңгейі болғанын қалаймыз. Бірақ, әрине, бұл жұмыстар мектептегі білімнен бастау алуы керек. Оқушылардың өзімен қатарлас мүгедектігі бар балалармен кішкентай кезінен араласып, дос болуы және оны дәл сол күйінде қабылдай білуі үшін мұғалімнің оларға тиісті ақпарат беріп, бірлесе жұмыс істеуінің маңызы зор. Бала құқықтары туралы конвенцияға, Мүгедек адамдардың құқықтары туралы конвенцияға, «Білім туралы» заңға сәйкес, бұл білім мен дағдыларды біз кейіннен халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істейтін мұғалімдерге бергіміз келеді.

Сондай-ақ, Вениамин Алаев үшінші маңызды мәселенің де шетін шығарды.

Ол мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастырумен байланысты. Жыл сайын мүгедектігі бар азаматтар іске асыратын 50 әлеуметтік кәсіпкермен стартаптарға қолдау көрсету қажет, сонда жұмысқа орналастыру жағдайы одан да жақсара түспек.

Жалпы, Алматы қаласын дамыту жоспары аясында денсаулығы ерекше адамдарды өзіне қабылдайтын жұмыс берушілерге қолдау көрсету қарастырылған. Әдетте, мүгедектігі бар адамдар өз туыстарында немесе арнайы мамандандырылған ұйымдарда жұмыс істейді. Қазір мүгедектігі бар адамдарды өз компанияларына қабылдауға және олармен жұмыс істеуге дайын бизнес өкілдерін қолдау маңызды.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

АЛМАТЫ АЗИЯНЫҢ ХЕЛЬСИНКИІНЕ АЙНАЛА АЛА МА?

Биыл Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес құру бастамасының жарияланғанына 30 жыл толды. Оны ҚР Тұңғыш Президенті 1992 жылы 10 мамырда Ашхабад қаласында өткен Түрікменстан, Иран, Пәкістан, Қырғызстан, Түркия мемлекеттері мен үкімет басшыларының кездесуінде мәлімдеген болатын.

Одан кейін 9 шілдеде Финляндияның Хельсинки қаласында өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесінің пленарлық отырысында Хельсинки үдерісінің аясын Еуропадан Азия құрлығына көшіре отырып, маңызды қадам жасалатыны айтылды. Бұл бағыттағы алғашқы қадамдардың бірі Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) құрылуымен байланысты. Бұл кеңес көп салалы ынтымақтастықты кеңейтуге, саяси ахуалды тұрақтандыруға, аймақтық жанжалдарды болдырмау мен реттеуге бағытталған.


Ашхабадта өткен мамыр кездесуіндегі Қазақстанның бастамасын қазірдің өзінде Иран, Қырғызстан, Түркия, Түрікменстан, Пәкістан және Өзбекстанның қолдап отырғаны белгілі. Осы жиында Қазақстанның бірінші Президенті ЕҚЫК-нің биік мінберінен «мен біздің республикамыз осынау үдерісті өрістету нәтижесінде Алматыны Азияның Хельскиіне айналдыру жөніндегі саяси күш-жігерді өз мойнына алуға әзір екенін куаттаймын»,— деді. Сондай-ақ Азиялық кірігудің табиғи-тарихи үдерістің құрамдас бөлігі екеніне өзінің сенімді екенін айтқан Н.Назарбаев ол табысты жұмыс істеген жағдайда діни

факторға қарамастан, Азиядағы барлық ұлттық, аймақтық және халықаралық ұйымдарды ЕҚЫК үлгісіндегі бірыңғай құрылымға біріктіру үшін негіз бола алатынын жеткізді.

Ал 5 қазанда АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында сөйлеген сөзінде Еуразиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелері бойынша Қазақстанның АӨСШК жөніндегі бастамасына арнайы тоқталып өтті. Саясатшылар мен талдау жасаушылар

тобындағы сыншылардың уәжін е шығыстың «Алыс жолдың өзі алғашқы қадамнан басталады» деген мақалымен жауап берген Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев АӨСШК сияқты құрлықтық құрылымды дамытудың 1992–2005 жылдар арасындағы болжамды 4 негізгі кезеңін сипаттап берді. Бірінші, 1992–1995 жылдар аралығын қамтыды. Онда ұйымдастыру мен кеңеске әзірлік жұмыстары жүргізіледі. Екіншісі, АӨСШК жұмысын жандандыру, мүшелер санын көбейту және оны Азиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі шеңберіне және тәртібіне көшіру, ЕҚЫК үлгісі бойынша жалпыазиялық құрылымдар құру. Үшіншісі, 1998–2000 жылдарда ЕҚЫК мен АӨСШК арасындағы өзара іс-қимылдар-

дың тұрақты құрылымдарын айқындау, ынтымақтастықтың жекелеген бағыттары бойынша құрлықаралық органдар құру. Төртіншісі, 2000–2005 Еуразия қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі біртұтас құрлықаралық кеңес құру. Азия, Еуропа, Африка және Америка ұжымдық қауіпсіздігінің құрлықтық жүйелері арасында тұрақты іс-қимылдар жасау механизмін құру. Ал бұдан арғы перспективада — бүкіл дүниежүзілік ұжымдық қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың біртұтас жүйесін құру болжанды. Алайда, АӨСШК ұйым ретінде құрылғанымен, оның болжамды даму кезеңдері толық жүзеге асқан жоқ. Алматының Азияның Хельскиіне айнала алмауы идея бастамашысының не Қазақстанның кінәсінен орын алған жағдай емес. Оған Алматының астана мәртебесінен айырылуы белгілі бір дәрежеде ықпал еткенімен, негізгі себеп бола алған жоқ. Алматы — күллі Азия құрлығының саяси орталығы бола алмағанымен, Орталық Азия аймағы халқы үшін әлі де саяси, экономикалық және әлеуметтік ықпалын жоғалтқан жоқ.



ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНҒАНДАР КӨПКЕ ҮЛГІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Атап өтер жайт, кейбір елдер коқыстың өзін шашауын шығармай ел игілігіне жаратып отыр. Алдағы уақытта коқысты да кәдемізге жаратып, қазақ даласын коқыс полигондарынан тазарта алсақ қоршаған ортамызға өте пайдалы іс болар еді. Қоқысты өңдей отырып, ел игілігіне жаратуға да елімізде бетбұрыс жасауда. Мәселен, бірнеше жылдан бері коқыс тастайтын арнайы жошіктер орнатылды. Сырты бірнеше түске боялған жәшіктерді пайдалана отырып, ел тұрғындары коқысын сұрыптап, бөліп тастай алады. Бұл еліміздегі қалдықты қайта өңдеу ісін жеделдетіп, қоршаған ортаға коқыстың тигізер зиянын да азайтар еді. Жалпы елімізде «Жасыл экономикаға» бетбұрыс бар.

Қазіргі таңда Германия мемлекеті 2030 жылға қарай елді 100 пайыз табиғи энергия көздерінің қуатымен жабдықтауды көздеп отыр. Тіпті, сол үшін арнайы мемлекеттік бағдарлама да қабылдаған. Жел энергиясын игеру арқылы, халықты толығымен энергияның баламалы көздеріне ауыстыруды көздеген елдің әрекеті біздің елімізге де үлгі болса, қанекі! Елімізде жел, күн, су энергиясын игеру нысандары құрылып жатыр. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан баламалы энергия көздерін өндіруге қолайлы ел деп айта аламыз. Тек соны игілігімізге пайдалана алсақ болғаны!

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Ерзия ЕРСҰҢҚАР

Мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау мәселесі мемлекет тарапынан жігі қадағаланады. Тіпті, Мемлекет басшысы жолдауында кемтар жандар үшін кедергісіз орта құру қажеттігіне баса назар аударған-ды. Өкініштісі, республика бойынша мүмкіндігі шектеулі жандардың саны жыл санап артып келеді. Әрине, олардың тағдыры өртүрлі. Бірі туабітті мүгедек атанса, енді бірі тағдырдың төлкегін бастан кешіп отыр. Ал бүгінгі кейіпкеріміз «БЕК» шұлық өнімінің негізін қалаушы, кәсіпкер Айзада ҚУАНЫШБЕКОВАНЫҢ айтуынша қандай жағдай болмасын өмір сүруге ұмтылу керек.

Айзада ҚУАНЫШБЕКОВА, кәсіпкер, бірінші топ мүгедегі:

«КӘСІП БАСТАЙМЫН ДЕГЕНДЕРГЕ КЕДЕРГІ ЖОҚ»



– Шұлық өнімін өндіру идеясы қалай пайда болды? Мүмкіндігі шектеулі жандардың жеке кәсіппен айналысуы қиын емес пе?

– Оқыған мамандығым бойынша физика-математика пәнінің мұғалімімін. Бірақ, екі жылдан бері тігінмен, колөнермен, сонымен қатар маркетинг саласында жұмыс істеп келе жатырмын. Осыдан бес жыл бұрын қайғылы жағдай орын алып, жүре алмай қалдым. Үш жыл уақытым реабилитациямен кетті. Бүгінде бірінші топ мүгедегімін. Ұзақ уақыт жатып қалғаннан кейін «бұлай жата беруге болмайды» деп, ойлана келе тігінмен айналысу идеясын жүзеге асыра бастадым. Бірақ, қалтамда кәсіппен айналысып кететіндей артық қаржы қоры, оны ары қарай жүзеге асыратындай білімім де болмады. Содан мүмкіндігі шектеулі жандардың кәсіп ашуына мемлекет тарапынан қандай көмек барын іздей бастадым. Ізденісім текке кетпеді. Ең бірінші, Самал Атагелді ханымның «Бизнес және даму» онлайн мектебінің «Бизнес жоспарлау» курсынан сәтті аяқтап, «Маркетинг» мамандығын игеріп шықтым. Сосын мемлекеттік бағдарлама аясында қайтарымсыз грантка ие болып, алғашқы кәсібім – тігін секын аштым. Кейін 2-5 миллион теңге көлеміндегі инновациялық грантка қатысып, «БЕК» шұлық өнімін өндіру бойынша жобамды қорғап, 5 миллион теңгенің қайтарымсыз грантын жеңіп алдым. Кәсіпкер атанудағы алғашқы баспалдағым осылай басталды.

– Жоғарыда мемлекеттік бағдарлама аясында қайтарымсыз гранттар берілетінін атап өттіңіз. Мүмкіндігі шектеулі кез келген адам мемлекет тарапынан осындай қолдауға ие бола ала ма?

– Мүмкіндігі шектеулі жандар ғана емес, сонымен қатар, жастар, көпбалалы және табысы аз отбасылардың мүшелері, еңбек етуге қабілетті мүгедектер, сондай-ақ, қоныс аударушылар мен оралмандар мемлекеттік грант алуға үміткер бола алады. Мәселен, грант көлемі 400 АЕК-ті (1 225 200 теңге) құрайтын конкурсқа, жоғарыда атап өткен адамдар ғана қатыса алады. Ал «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында 2-ден 5 млн теңгеге дейін грант алу байқауына 18 жасқа толған, жеке кәсіпкер болып тіркелген адамдар мен халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын жандар қатыса алады. Жалпы, грантты ұтып алу үшін экономиканың басым секторына жаңа бизнес идеялар ұсыну керек. Жаңа бизнес-идея деп бұрын қолданылмаған материалдарды, технологиялар мен әдістерді қолдана отырып тауарлар шығаруды, қызметтер

көрсетуді, жұмыстарды орындауды көздейтін нақты жобаны іске асыруға бағытталған кәсіпкерлік бастаманы айтамыз.

– Бұдан бөлек мүмкіндігі шектеулі жандарға қандай әлеуметтік көмек қарастырылған?

– Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі жандар заң негізінде қайта қалыпқа келтіру, қоғамда өзіндік орнын қалыптастыруға құқылы. Одан бөлек: тегін медициналық көмек алуға, баспанамен қамтамасыз етуге, мемлекеттік және басқа да ұйымдарда, соның ішінде денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс, көлік саласында бірінші кезекте

қызмет алуға, мемлекеттік жәрдемақы түріндегі төлемдер, өтемақы және жұмыс берушілер мен басқа да ұйымдар тарапынан берілетін қосымша әлеуметтік көмектер алуға құқылы. Сонымен қатар, еліміздің Конституциясына сәйкес, Қазақстанның әр азаматының еңбек етуге құқығы бар. Оның ішінде мүгедектердің де. Кез келген топтағы мүгедектер еңбек ете алатыны бәріне мәлім, бірақ бірінші және екінші топтағыларға медициналық комиссиядан рұқсат алу керек. Жұмысқа орналасқанда мүгедектігі бар адам дені сау адаммен тең құқылы. Осының бәрі мемлекет тарапынан жан-жақты қамқорлық көрсетудің септігімен мүмкін болуда деп ойлаймын. Дегенмен даму мүмкіндігі шектеулі, жарымжан жандар үшін ел тарапынан бөлінетін көмек пен қамқорлық шектелмесе екен.

– Ал қандай мәселелерге көңіліңіз толмайды?

– Қала ішінде мүгедектердің жүріп-тұруына қатысты қиындықтар туындайтыны жасырын емес. Олар шығып-түсетін пандустар талапқа толық сай келеді дегуге болмайды. Мұны алысқа бармай-ақ қаламыздағы түрлі нысандарды аралап көріп, көз жеткізуге болады.

– Соңғы уақытта халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын жандарды желеу етіп, қайырымдылық жобалармен айналысатындар саны артуда. Бұл қаншалықты дұрыс? Өзіңіз қайырымдылыққа көңіл бөлесіз бе?

– Қайырымдылық жасау үшін асқан дәулет емес, жүректегі мейірім мен адал ниеттің болуы жеткілікті. Қайырымдылық дегеніміз – өзіңдегі бар бақытты жақсылықты, өзгемен шынайы әрі риясыз көңілімен бөлісе алу деп ойлаймын. Ол материалдық немесе моральдық тұрғыда болсын, бастысы шын ниетпен жасалған әрбір қайырлы амалды қайырымдылық деп білемін. Сондықтан айына түскен табысымның бір бөлігін қайырымдылыққа жұмсап отырамын. Бүгінде елімізде қайырымдылықпен арнайы айналысатын қорлар бар ғой. Олар қоғам мүшелерінің барлық сегментінің проблемасын жақсы біледі. Әрине, олардың арасында белгілі бір қордың атын жамылғы жұмыс істеп жүрген алаяқтар да кездеседі. Ал халықтың қорға деген сенімі нақты көрсеткіштерге қарап қалыптасады. Ол үшін қордың есеп-шотына келіп түскен қаржының бәрі ашық болып, халыққа есеп берілгені жөн.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Маңғыстау облысы сәулет және қала құрылысы басқармасының мәліметіне сүйенсек, өңірде мектептердің құрылысы бойынша біршама жұмыстар қолға алынған. Білім ошақтарын салу және мектептерге бөлек тұрған оқу корпустарының құрылысы жүргізілуде.

Жақында ғана Ақтау қаласындағы 31а шағынауданынан 1200 орынға арналған жалпы білім беру ошағы пайдалануға берілді. Сондай-ақ, Бейнеу ауылындағы Күйкен атындағы орта мектепке бөлек тұратын оқу корпусы салынды. Мұнда Атамекен атындағы білім ордасына қосымша оқу корпусын салу да межеде тұр. Мұнайлы ауданы Басқұдық елді мекенінде 600 орынға арналған жалпы білім беру мектебінің құрылысы аяқталуға жақын. Қазан айында пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

Келер жылы да білім саласына қажетті нысандарды салу тоқтамақ емес. Түпқараған ауданының Ақшұқыр ауылында М.Әбдіқалықов атындағы мектеп-гимназиясын қайта құру және 300 оқушыға арналған оқу корпусын салу жұмыстары жүргізілуде. Ақтау қаласындағы 18 және 9а шағын аудандарында 1200 орынға арналған жалпы білім беру мектептерінің құрылысы басталады. Дәл осындай көлемдегі оқу ордасы Басқұдық елдімекенінде де бой көтереді.

Маңғыстауда денсаулық сақтау саласына да қажетті бірқатар құрылыс нысандары бар. Мәселен, Жаңаөзен қаласы Рахат ауылындағы амбулатория құрылысы аяқталуда. Мұнайлы ауданында 150 орындық орталық аурухана құрылысы жүргізілуде. Жаңаөзен қаласының Ақбұлақ шағынауданында ауысымына 50 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория құрылысы жүргізілуде.

Ал, спорт нысандары бойынша 3 жоба іске асырылмақ. Жаңаөзен қаласы, Самал шағын ауданынан көп салалы спорт кешені, Көктем мен Жалын шағынаудандарында да жаттығу кешендерінің құрылысы қарқынды жүріп жатыр.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүргізіліп жатқан

тұрғын үй құрылысына тоқталар болсақ, Форт-Шевченко қаласында 72 пәтерге арналған 3,9 мың шаршы метрді құрайтын тұрғын үй құрылысы басталды. Несиелік тұрғын үй бағыты бойынша 1035 пәтерге арналған 65,3 мың шаршы метрді құрайтын тұрғын үйлер құрылысы жоспарланған. Оның ішінде, 2022 жылы қаражат толығымен қарастырылған жағдайда 819 пәтерді аяқтау жоспарлануда және 216 пәтерге арналған тұрғын үй құрылысы 2023 жылы бітеді. Ақтау қаласының 19а шағын ауданындағы 432 пәтерлік тұрғын үйлер 70%-ға аяқталған. Ал «Аққу» шағынауданының 227 пәтерлі тұрғын үйлердің құрылысы жүргізілуде. Құрылыс-монтаждау жұмыстары 65%-ға аяқталған. Жаңаөзен қаласында 160 пәтерлік, Ақтау қаласының 18-ықшам ауданында 216 пәтерлік үйлер бой көтермек.

Ақтау қаласында ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери госпиталь емханасы мен өңірлік әкімшілік ғимаратын салу қолға алынды. Құрылыс



жұмыстары 90%-ға аяқталды, пайдалануға беру қараша айына жоспарланған. Жобаның жалпы құны – 571,7 млн теңге.

«Приозерный-3 елді мекенінде көп атқарымдық спорт залының құрылысы да басталып, ғимараттың іргетасы қалануда. Аяқтау мерзімі 2023 жылдың мамыр айына жоспарланып отыр. Жобаның сметалық құны – 572,773 млн теңге. NCOC демеушілігімен Ақтау қаласы, 17 шағын ауданда 1500 балаға арналған Оқушылар сарайының құрылысы жүргізілуде. Келер жылы пайдалануға берілетін нысанның құрылыс жұмыстары 65%-ға аяқталды. Ішкі өрлеу және инженерлік желілерін жүргізу жұмыстары қалды. Өмірзақ ауылындағы 200 орындық ауыл клубының құрылысы да балаларға аса қажет.

Бұл ауыл балаларының дамуына айтарлықтай үлес қоспақ. Ақтау қаласындағы 17 шағын ауданда студенттерге арналған 500 орындық жатақхана құрылысы аяқталуға таяп қалды. Жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған нысанда баспанасыз жүрген әлеумет қоныстанатын болады.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ

НӘЗІК ЖАНДЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ТЕҢ

Ерлер мен әйелдер үшін тең құқық пен еркіндікті белгілейтін гендерлік саясаттың нәтижесінде әйелдер мемлекеттік органдарда, бизнесте, экономиканың барлық салаларында ер азаматтармен қатар еңбек етуде. Олар қабілет, дарынымен, іскерлігімен көзге түсіп қана қоймай, еліміздің кемел келешегіне өз үлестерін қосуда.

Өткен шаққа көз жүгіртсек, қазақ даласында Тәуелсіздік үшін күресте көзге түскен әйелдер аз болмаған. Ерлігімен қатар, даналығы аңыз болған бұдан екі жарым мың жыл бұрын өмір сүрген сақтың батыр қыздары Томирис және Заринаның аты тарихта қалды. Қыз-келіншектердің ерлігі дегенде жоңғар шапқыншылығы тұсында Абылай хан дарабозым деп шылаған, қазақтың бас сардары, ұлы қолбасшысы Қабанбай батырдың жары Гауһардың тапқырлығын еске алсақ та жетеді. Қабанбай мен Гауһардан туған Назым қыздың небәрі 16 жасында Түркістан түбінде от шашқан жоңғар зеңбірегіне батпай, ұйлығысып қалған қазақ қолын басып, найза орнына қолындағы қамшысын бұлғап «Абылайлап» жауға шауып, жоңғарларды түре қуған ерлігі ел есінде.

Кешегі Кенесарының қарындасы Болайдың ерлермен бірге өз елінің азаттығы үшін толарасактан саз кешіп, жасанған жаумен арыстанша айқасуы не болмаса қазақ тарихында аққан жұлдыздай із қалдырған Шоқанның әжесі Айғаным ханымның елді ақылмен басқарғанын қалай ұмытамыз? Мұның сыртында кешегі кеңес заманындағы соғыста шығыстың қос шынары атанған Мәншүк пен Әлияның да ерлігі әлі есте. Міне осылайша қазақ даласындағы батыр апаларымызға қарап, сол дәуірдің өзінде ер мен әйелдің тең құқығы жөнінде жазылмаған дала заңы қалыптасқанын аңғаруға болады.

Ел егемендік алғаннан кейін мемлекетіміз әйелдер мәселесін жаңа заман талабына орай жаңаша қырынан көрсете бастады. Нәтижесінде саяси, қоғамдық және экономикалық жағдайлардың ерекшелігі ескеріле отырып, 1998 жылы ҚР Президентінің жанынан – Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссия құрылғаны белгілі. Оның негізгі міндеті – отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру екенін де айта кеткен жөн.

Сонымен бірге, гендерлік саясат «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік

кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңдармен реттеледі. Ол азаматтардың отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы заңдық мүдделері мен бостандықтарын, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесуде конституциялық құқықтарын қорғауға бағытталған.

Гендерлік саясат бойынша 2016 жылы Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдамада мемлекеттік гендерлік саясаттың мақсаты – ерлер мен әйелдердің қоғамның барлық салаларында тең құқықтарға, жеңілдіктерге, міндеттер мен мүмкіндіктерге қолжеткізуі, гендерлік кемсітушіліктің барлық нысандары мен көріністерін еңсеру көзделді. Соның жемісі болса керек, әйелдер қазанның айналасында емес, денсаулық сақтау, ағартушылық жүйенің, мемлекеттік қызметтің, сондай-ақ, бизнестің де құлағын ұстады. Соған қарамастан отбасының жарасымдылығына көп үлес қосып келеді.

Әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарына теңдей қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау, жыныстық белгісі бойынша зорлықтан еркін болу гендерлік теңдіктің негізгі міндеті. Қоғамның дамуында әйелдердің рөлін бұдан әрі дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын шешімдер және біздің мемлекетіміздің гендерлік саясаты, сонымен қатар, отбасы, әйелдер және балалар, әйелдердің жана ұрпақ тәрбиелеудегі рөлі мәселелері бойынша құқықтық база қалыптасуда.

Көп жылдық тәжірибе көрсеткендей, гендерлік теңдік деңгейі жоғары болған сайын, отбасы мүшелерінің өздерінің тұрмыстық, экономикалық, адамгершілік-тәрбиелік, қорғаушылық және басқа да маңызды функцияларын орындаудағы жауапкершілігі, тепе-теңдігі мен нәтижесі жоғары болады. Осылайша, заманауи берік отбасының қалыптасуына жағдай жасау және гендерлік теңдікке қол жеткізу қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың ажырамас процесі болып табылады.

Тұрар ТЕМІРБАЕВ,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кәсіподақ ұйымдары алғаш құрылған уақыттан бастап өзіне мүше болып кірген азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаумен айналысып келеді. Еңбек құқығын қорғау дегеніміз қызметкердің жұмыс уақытындағы заңда көрсетілген барлық жеңілдіктер мен мүмкіндіктерді пайдалану құқығы. Келісілген жұмыс уақыты мен мөлшері, кепілді жалақы, заңда көрсетілген демалыс уақыты және тағы басқа міндеттерінің талапқа сай болуын қамтамасыз етеміз. Мұнымен қатар, қызметкердің жылына бір рет келетін демалыс қаражатының дұрыс есептелуі де кәсіподақ назарында. Бес-алты жылдан бері демалыс алдында арнайы төленетін сауықтыру қаражатының да өз иесін табуына ықпал етудеміз.

Осы сауықтыру қаражатын толық төлеу біздің салалық кәсіподақтың белсене араласуымен реттеліп, қалпына келтірілді деп айта аламын. Бұрын мұғалім бір жерден ғана сауықтыру қаражатын алатын. Ал егер екінші жерде қосымша жұмыс істейтін болса, басшылар мың-сан сылтаумен оны төлемуге тырысатын. Және ондай оқиғалар өте көп кездесетін. Былтырдың өзінде мұндай мәселелермен жиі бетпе-бет келдік. Түйткілді жазып, көпшілікке көрсетіп, құқығының қорғалуына бастамашы болғандықтан ба, биыл мұндай мәселе туындаған жоқ. Жалпы, ұстаздар қауымы қанша жерде қосымша жұмыс істесе, заңда көрсетілгендей сонша жұмыс орнынан сауықтыру қаражатын алатынын білуі керек. Тіпті, уақытын ұтымды пайдаланып, үш-төрт жерде еңбек етіп жүрген әріптестеріміз де бар. Олар да сауықтыру қаражатын бірнеше жерден қатар алуға болатынын қаперінде ұстағаны жөн. Ал біз мектеп басшылығымен келісе алмай, тығырыққа тірелген әріптестеріміздің қай-қайсысына да көмектесуге әзірміз. Бұл да болса да кәсіподақтың ықпалы.

Былтыр мен биылғы жылды есепке алғанда біздің кәсіподақтың араласуымен 1,405 млрд теңгеден асатын қаржы қайта есептеліп, ұстаздарға төленіпті. Тек сауықтыру қаражаты емес, оның ішінде магистрлікке дипломға төленуі тиіс қосымша ақы, жазғы демалыс қаражаты, категорияның дұрыс төленбеуі секілді тағы басқа мақсаттағы өндірілген қаржылар бар.

– *Білім ордаларында еңбек дауларының да жиі орын алатыны байқалады. Кәсіподақтың мұндай дауды иешудегі рөлі қандай?*

– Кәсіподақ ұжымдағы еңбек дауларына да жиі араласады. Мәселен, мектепте сағат бөлу, кезекшілік кестесі, сабақ кестесі тағы басқа мектептегі көптеген шаруалар да кәсіподақ ұйымының бақылауымен реттеліп отыр. Еңбеккердің жұмыстан тыс уақытындағы өмірі де кәсіподақтың назарынан тыс қалмайды. Жекелеген кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік жағдайына мониторинг жасап, қолдан келгенше көмек беруге тырысамыз.

– *Өзіңіз жетекшілік ететін кәсіподақ ұйымының талай игі істерге мұрындық болып, ұстаздар құқығын қорғауға белсене араласып жүргенін әлеуметтік желідегі жазбалардан байқап қаламыз. Осы орайда кәсіподақ ұстаздардың құқығын толық қорғай алып отыр деп айта аламыз ба?*

– Өкінішке қарай, ұйым ұстаздар құқығын ойдағыдай қорғай алмай отыр. Оның бірнеше себебі бар. Біріншісі және бастысы бізде түрлі кәсіподақ ұйымдары көп. Түркістан-да 12, Шымкентте 13 ұйым бар екен. Алматы облысында екі ұйым болған. Қазір облыстың бөлінуіне байланысты олардың не істеп жүргенін білмеймін. Олар локальды ұйым, басшылық облыстық деңгейде ғана. Бастысы, облыстық білім басқармаларының дегенінен шықпайды. Олар мұғалімнің құқығын қорғау мәселелеріне де араласа бермейді. Ұстаздар соттасып жатырма, жоқ дауласып, келіспеушіліктер ушығып жатырма бұл ұйымдарға бәрібір. Тек жағдайды баспасөзден естіп, біліп, дауды сырттай бақылап тыныш отыра береді.

Сондықтан тамыз айында Алматы облыстық салалық кәсіподақ ұйымын құрдық. Ең алғашқы әрекетіміз Талғар ауданындағы мектептердің бірінде сабақ берген ұстаздың апелляциялық сотына қатысып, жеңіп шығуымыздан басталды. Негізгі ол ұстаздың біздің ұйымға еш қатысы жоқ. Бізге жарна төлемеген, біздің ұйымға мүше болмаған. Ал өздерінің кәсіподағы ештеңеге араласпады. Сондықтан екі рет Талдықорғанға арнайы барып, сотта

сөйлеп, ұстаздың жұмысқа қайта орналасуына барынша ықпал еттім. Жарна төлеп отырған ұстаздың құқығын қорғамаса, ондай кәсіподақтың не керегі бар? Сондықтан кәсіподақ ұйымы жарна алуды білгеніндей, мұғалімнің құқығының қорғалуына да атсалысуы керек.

Мұғалімдердің бәрі бірдей құқықтық сауатты емес. Олардың білмейтін дүниелері көп. Қазіргідей жүктемемен кез келген ұстаздың мектеп, білімге қатысты заң, қаулыларды қадағалап отыруға уақыт таппайтыны түсінікті. Өйткені, ұстаздардың жұмысы мектепте сабақ берумен бітпейді. Олар үйге келген соң да келесі күнгі сабаққа дайындалып, дәптер, тапсырмаларды тексеріп, балаларды өз пәніне қызықтыру үшін ізденеді. Бар күш-жігерін балаларға арнаған ұстаздардың еңбегін лайықты бағалау, қолдау көрсету кәсіподақ ұйымының ғана емес, жалпы мектеп басшылығының, ұжымның міндеті болуы керек. Өкінішке қарай, көп жағдайда бірліктен гөрі, әркім өз тыныштығын ойлап, әріптесінің мәселесіне бас ауырта бермейді.

Ұстаздарымыздан да кінә бар. «Педагог мәртебесі туралы» заң осы ұстаздардың құқығын қорғау үшін қабылданған жоқ па? Неге соны пайдаланбайды? Кейде маған шағымдарын айтып хат жазғанда «ағай аты-жөнімді көрсетпенізші» деп өтініш айтады.

Сұлтан СҮЛЕЕВ,

Алматы облыстық салалық кәсіподақтар ұйымының төрағасы:

«АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫ КӘСІПОДАҚТЫҢ ЫҚПАЛЫН АРТТЫРАДЫ»

Мектепте атының аталғанын қаламайды. Ал аты-жөні көрсетілмеген арыз иесінің құқығы да қорғалмайды. Өйткені, Еңбек кодексінің өзінде «Домалақ арыздардың қаралмайтыны, тексерілмейтіні» тайға таңба басқандай анық жазылған. Ондай хатты кейде әлеуметтік желідегі 180 мыңдық адамы бар тобымызға саламын. Әлеуметтік желі

Ұстаздардың мәртебесін арттыруға кедергі тек ұстаздың өзі. Өкінішке орай, бұл шындық. Заң бар. Кәсіподақ бар. Неге жасқанады? Егер сен өз ісіңнің, маманы болсаң, ешқандай басшы сені жөнсіз қудаламайды. Сондықтан білімін жетілдіріп, тәжірибе жинап үздіксіз ізденетін мұғалім ғана шын мәртебеге ие болады. Сауатсыз, жұмысына салғырт мұғалім мәртебеге лайық болады деп ойламаймын.

деген қазір әлеуеті өте үлкен күш. Кейде басшылар әлеуметтік желідегі шағымнан өз қателігін көріп аяғын тартып, мәселе ушықпай шешіліп жатады.

Сонымен бірге, әлеуметтік желідегі бұл топ ұстаздардың өз ойымен болесітін, сұрауына жауап іздейтін, мәселесін көпшілікке айтатын диалог алаңына айналғанын көріп жүрміз. Ұстаздың құқығы тапталғанына топтағы ұстаздардың жаны ашып жатады. Бірақ атын айтуға да қорыққан ұстаздың ісі қозғалмаған күйі қалады. Себебі, баржоғы белгісіз, домалақ арыз үлгісінде жазылған шағым хат күйінде қалады. Кейде шарасыз ұстаздар мектебі тұрмақ, ауданын да көрсетуге жүрексінеді. Меніңше, ұстаз құқығын қорғау үшін жәбірленушінің өзі ашық күреске атын жасырмай шығуы керек. Жердің бір жері деп белгісіз ауылды көрсетіп ешкімді қорғай алмайсың. Кемшілікті дер кезінде айтып, шындықты көзге шұқып көрсетпеген соң заңсыздық іс әрекеттер жалғаса береді. Құқықтары бұзылмас үшін қызметкерлердің өзі белсенді болуы керек. Кез келген азамат қоғамдағы заңбұзушылықтарға көз жұмып қарамауы тиіс. Сонда ғана біз таза, ашық, санасы ояу қоғам құра аламыз.

– *Кәсіподақ ұйымдарының жұмысын қалай күшейтуге болады?*



Сұлтан СҮЛЕЕВ, Алматы облыстық салалық кәсіподақтар ұйымының төрағасы

– Кәсіподақ жұмысын күшейту дегеніміз оның төрағаларының жұмысын күшейту деген сөз. Ондай лауазымға ұстанымы мен мінезі, көзқарасы қалыптасқан кісіні сайлау керек. Мұндай кісілер әр мектепте бар. Басшылыққа тәуелсіз, өз пәнінің үздік маманы сайлануы керек. Осындай кісілер ғана ұйым мүшелерінің құқығын қорғай алады.

Ұстаздардың мәртебесін арттыруға кедергі тек ұстаздың өзі. Өкінішке орай, бұл шындық. Заң бар. Кәсіподақ бар. Неге жасқанады? Егер сен өз ісіңнің, маманы болсаң, ешқандай басшы сені жөнсіз қудаламайды. Сондықтан білімін жетілдіріп, тәжірибе жинап үздіксіз ізденетін мұғалім ғана шын мәртебеге ие болады. Сауатсыз, жұмысына салғырт мұғалім мәртебеге лайық болады деп ойламаймын.

Сабағы ақсап тұрған, өзі сүйретіліп әзер жүрген төраға басшының қолжаулығына айналады. Өйткені, өзі сауатсыз, кемшілігі көп адам жалтақ келеді. Олардың дауысы бәсең шығады. Себебі, бірденені қаттырақ айтса, өзіне зияны тиіп кете ме деп қорқады. Мұндай басшы ұстаздардың құқығын қорғап жарытпайтыны бесенеден белгілі. Сондықтан ұстаздар өз арасынан кәсіподақ жетекшісін сайлағанда ойындағысын батыл айтатын, көкейіндегісін бүкпесіз жеткізетін, өзіне барынша сенімді жандарға таңдау жасағаны жөн. Кәсіподақ төрағаларын таңдауға бейжай қарауға болмайды.

Сонымен қатар, жоғарыда айтқандай кәсіподақтар тоқсан тоғыз ұйымға бөлінбеуі керек. Ұстаздардың республикадағы ең үлкен ұйымы – салалық кәсіподақ. Жүз мыңдаған мүшесі бар көшелі ұйым. Қазір осындай ірі ұйым ғана өз мүшелерінің құқығын мемлекеттік деңгейде қорғай алады. Кезінде ОББ, АББ басқарған шенеуніктер зейнет алдында өзі басқарған аймақта ұйым құрып алған. Енді соның «жемісін» жеп жатыр. Жарнаның 80 пайызын мектепке қайтару үшін бір бухгалтер ұстаса жетеді. Қалған 20 пайыз жарна жетеді екеуіне. Өз пайдасын ойлап, өз мүддесіне еңбек еткен соң олардың даудан аулақ жүретіні

түсінікті. Жарна түсіп жатса болды, бетпе-бет келген мәселеге салғырт қарап, сылап-сипап реттеу олардың дағдысы. Керемет арифметика, табыс табудың таптырмас әдісі. Бірақ, жарна кәсіподақ ұйымы жетекшісінің тыныш, рахат өмірі үшін емес, «ұстаздардың құқығын қорғау» үшін аударылатынын олар неге түсінбейді?

Кәсіподаққа еңбек даулары мен білім саласын жақсы білетін заңгерлерді тарту керек. Себебі, қазір барлық білім ордаларында сағатқа таласқан немесе еңбек жағдайына қатысты дау көп. Заңды білетін адамның ғана осылардың дұрыс шешілуіне көмегі тиеді.

Бүгінгі күні Алматы облыстық салалық кәсіподақ ұйымы республикалық салалық кәсіподақтың бір филиалы ретінде өз жұмысын бастады. Енді әр аудан мен қалаларда ұйым құрып, белсенді жұмыс жүргізу керек.

Сіздердің газетті пайдалана отырып әріптестеріме мынандай нәрсені айтқым келеді. Сіздерге жарнаның көп бөлігі қайтарылатын шығар? Бірақ аудан, облыстағы кәсіподақтарыңыз керек кезде бұғып қалатын болса қайтарылған ақшадан не пайда? Себебі, соттассаныз, адвокатқа он есе артық төлейсіз.

Жалпы, бүгінгі күні мекеме болып бір ұйымға кірудің де керегі жоқ. Қажет деп тапсаңыздар үш-төрт адам бірігіп басқа ұйымға да кіруге болады. Біз, әрине, жарнаның 80 пайызын қайтармаймыз. Бірақ кез келген дауда заңгердің көмегін көрсетуге тырысамыз. Мені әлеуметтік желіден қиындықсыз табуға болады. Мессенджерге жазыңыздар. Қызметкерлердің құқығын бірге қорғайық!

– *Кәсіподақ ұйымының жетекшісі ретінде сізге хабарласатындар көп пе? Қандай мәселелер бойынша жиі көмек сұрайды?*

– Мен өткен жылы мектептің кәсіподақ ұйымының төрағасы болып сайландым. Ең алдымен қызметкерлердің жеке уақыттарын тиімді өткізу, түрлі шараларға қатысуын қолға алдық. Жұмыс режимі жекеленген қызметкерлердің өтініші бойынша қайта түзілді. Әрине, бірден жұмысты бұлай жолға қоюымыз басшыларға ұнамаған да шығар? Бірақ, біз кәсіподақпыз! Сондықтан өз міндетімізді лайықты орындау үшін барлық шарттарды орындап, жұмыс істедік. Биыл облыстық кәсіподақ құрылған соң, сол ұй-

ымға төрағалық қызметімді бастадым. Әзірше жұмысты қоғамдық негізде атқарып жатырмыз. Алғашқы жақсы нәтиже талғарлық ұстазды қолдауымыздан көрінді. Жақсы жетістікке жеттік. Облыстық сот Талғар аудандық соты шешімінің күшін жойып, ұстаздың қызметіне қайта оралуына ұйғарым шығарды. Бұл істі өздеріңіз де әлеуметтік желіден көріп, біліп отырған шығарсыздар. Меніңше, кәсіподақ ұйымының атынан осы даулы іске араласып, сотта жеңіске жету арқылы біз талай әріптесімізге үміт сыйладық. Осы жағдайдан кейін талай мұғалімнің кандай да бір еңбек дауы туындаған сәтте жалғыз қалмайтынын ұғынғаны анық.

Қазіргі таңда қарауымызда екі даулы мәселе бар. Істерді таразылап, дауды сотқа жеткізбей, тараптарды ортақ келісімге келтіру арқылы шешу мүмкіндіктерін барынша қарастырып жатырмыз. Жұмысымызға кіріскенімізге көп уақыт өтпесе де мұндай істерге араласуымыз бізге деген ел сенімінің жоғарылағанымен байланысты шығар? Өзім арасында педагогикалық қызметімді де жалғастырып жүрмін. Көмекшілер алған соң жұмысымыз жаңа белеске шығады деген сенім-демін.

– *Соңғы жылдары ұстаздардың мәртебесі туралы жиі айтамыз.*

Ұстаздардың мәртебесін арттыруға кедергі тек ұстаздың өзі. Өкінішке қарай, бұл шындық. Заң бар. Кәсіподақ бар. Неге жасқанады? Егер сен өз ісіңнің маманы болсаң, ешқандай басшы сені жөнсіз қудаламайды. Білімін жетілдіріп, тәжірибе жинап үздіксіз ізденетін мұғалім ғана шын мәртебеге ие болады. Сауатсыз, жұмысына салғырт мұғалім мәртебеге лайық болады деп ойламаймын.

Бірақ одан ұстаз мәртебесінің жоғарылап кеткенін байқай алмай отырмыз. Ұстаздардың мәртебесін арттыруға не кедергі?

– Ұстаздардың мәртебесін арттыруға кедергі тек ұстаздың өзі. Өкінішке қарай, бұл шындық. Заң бар. Кәсіподақ бар. Неге жасқанады? Егер сен өз ісіңнің маманы болсаң, ешқандай басшы сені жөнсіз қудаламайды. Білімін жетілдіріп, тәжірибе жинап үздіксіз ізденетін мұғалім ғана шын мәртебеге ие болады. Сауатсыз, жұмысына салғырт мұғалім мәртебеге лайық болады деп ойламаймын.

17 тамызда Астанада министр Асхат Аймағамбетов республика бойынша оншақты ұстазды қабылдады. Басты мәселе – ұстаз құқығы болды. Сағат бөлу, түнгі рейдке шығару, мектепшілік кезекшілік, аттестация тағы басқа мәселелер талқыға салынды. Министр «Ұстаз тек заңға сүйену керек, негізгі заңы – Педагог мәртебесі туралы заң. Осы заңда ұстаздың барлық құқығы мен міндеттері көрсетілген. Міндетіне мықты болсаң, құқығыңды қорғауға болады. Қорғау үшін кәсіподақтарымыз бар. Салалық кәсіподақ бар» деп ашығын айтты. Тек сол сөзді жерге тасламайтын, өзіне, біліміне, біліктілігіне сенімді ұстаздар көп болса деңіз.

– *Бұрын кәсіподақтардың әлеуеті жоғары еді. Қазір бар-жоғы сезілмейді. Кәсіподақтың бұрынғы ықпалын қалыпқа келтіре аламыз ба?*

– Кәсіподақтың ықпалы мемлекеттің бағытына байланысты өзгереді. Кәсіподақ – қоғамдық ұйым. Демек, ол азаматтық қоғамның бір қанаты. Мемлекеттің басты мақсаты – азаматтық қоғамды дамыту. Сондықтан азаматтық қоғамның дамуымен қатар, кәсіподақтың да ықпалы осетініне сенемін. Ықпалды болу үшін барлық кәсіподақ ұйымы бірігіп жұмыс жүргізуі керек. «Бірілгі мықтының белін ешкім сындырмас». Бабаларымыз осы сөзді қалай тауып айтқан. Ұстаздар арасында өзара бірлік, ынтымағымыз болғанда ғана кәсіподақ мемлекеттік органдардың алдында өз мүшелерінің құқығын қорғай алады.

– *Уақыт тауып сұхбат бергеніңізге рақмет! Жұмысыңыз жемісті болсын!*

Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

– *Асет Мира­тұлы, «Жас­тар үні» рес­пуб­лика­лық қоғам­дық бір­лестігі қашан құрылды? Ұйым­ның атқа­ратын қыз­ме­ті мен бас­ты мін­дет­те­рі туралы айтып өтсеңіз?*

– Әл-Фараби бабамыздың: «Елінің болашағын білгің келсе, маған оның жастарын көрсет», – деген қанатты сөзі бар. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда қоғамдық ұйымдардың, жастар бірлестіктерінің рөлі өте зор. Олар жастар арасында дұрыс идеологияның қалыптасуына ықпал етеді. Соған орай 2002 жылы «Жастар үні» рес­пуб­лика­лық қоғам­дық бір­лестігі құрылды. Мақсатымыз жастардың елдің қоғамдық өміріне белсенді қатысуына және олардың әлеуметтік, экономикалық, құқықтық және мәдени сауаттылығын арттыруға ықпал ету болды. Міндетіміз ай­қын, жұмысымыз жүйелі болған­дықтан бізді қолдаушылар саны артып, 2019 жылдан бастап бар­лық өңірде қоғамдық бірлестіктің филиалдарын аштық. «Жастар



Асет БАЗАРБАЙ,

«Жастар үні» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы:

ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТЕГІ
ЖАСТАР
ӨТЕ БЕЛСЕНДІ

үні» республикалық қоғамдық бірлестігі бірнеше жылдан бері жастарға бағытталған жобаларды үздіксіз жүзеге асырып келеді. Бұған осы күнге дейін түрлі бағыттағы 300-ден астам іс-шараны ұйымдастырғанымыз дәлел.

– *Қазақстанда азаматтық қоғамды дамыту үшін мемлекет қандай шаралар қабылдап жатыр және оған қандай алғышарттар себеп болды?*

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Токаев әділетті, дамыған қоғам құру жолында қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің жұмысын жандандыруды қолға алуды тапсырғаны мәлім. Соның аясында ел аумағында республикалық, аймақтық және жергілікті қоғамдық бірлестіктер құрылып, жұмыс істеп жатыр. Қазір жер-жерде қоғамдық бірлестіктердің сапасы мен саны әлдеқайда арта түскен. Олар өз аймағындағы әлеуметтік ахуалды сараптамадан өткізіп, тиісті шешім қабылдаумен айналысады. Статистикаға сүйенсек, соңғы 30 жылда үкіметтік емес ұйымдар желісі 22 мыңға дейін өсті. Бүгінгі таңда еліміздегі қоғамдық бірлестіктердің құқықтық ахуалын «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заң қамтамасыз ететіні белгілі. Ал 2023 жылы қолданыста жүрген бұл заңнамаға түзетулер енгізіледі деп жатыр. Президент тапсырмасы аясында Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі осындай өзгерісті жүзеге асырғалы отыр.

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы сынды халықаралық ұйымдарға мүше. Халықаралық бастамалардың қатысушысы ретінде адам құқықтары бойынша өзіне бірқатар міндеттеме алған. Бұл орайда азаматтық қоғам институттарының дамуына және азаматтық бастамаларды іске асыру мүмкіндігіне қосымша қарқын беру үшін құқықтық құралдар қажет. Жастар ұйымдары дүниежүзілік тәжірибеде жастар саясатын дамытушы маңызды субъектінің функциясын атқарады. Сол себепті де бірлестіктердің жұмысы көлеңкеде қалып қоймай, жандана түссе, елдің жалынды жастары ынта-жігермен алға ұмтылары сөзсіз деп ойлаймын.

– *Қоғамдық бірлестіктерге мемлекет тарапынан қандай көмек көрсетіледі?*

– 2002 жылы Үкімет қаулысымен үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың тұжырымдамасы бекітілді. Соған сай, үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың мақсаты мен басымдықтары және оларды жүзеге асырудың тетіктері мен деңгейі айқындалған болатын. Бүгінде елімізде үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын ынталандыру мақсатында түрлі гранттық жобалар әзірленіп отыр. Жалпы, мемлекет тарапынан үкіметтік емес ұйымдарға әлеуметтік тапсырыстар мен гранттар бөлінеді. Бұл қаржылай қолдау біз сияқты бірлестіктердің жұмысының жандануына септігін тигізуде.

– *Осы күнге дейін 300-ден астам жобаны ұйымдастырғандарыңызды айтып өттіңіз. Жалпы қандай жобалармен айналысасыздар? Жастар белсенді ме? Нәтижесі қалай?*

– Жастар өте белсенді деп ауыз толтырып айта аламын. Себебі, «Балалар және кәсіпкерлік» жобасы аясында еліміздің 7 облыс, 14 аудан, 50 ауылын аралап, шалғай ауылдағы балалар мен мектеп оқушыларына кәсіп игеруге қатысты дәрістер оқып, кітаптар тараққан кезде, халықтың ықыласы мен қолдауын қатты сезіндік. Атап айтар болсам: «Рухани жаңғырудағы» «Атамекен» кіші бағдарламасының іске асырылуына халықтың көзқарасын анықтау мақсатында «Әлеуметтанушылық сауалнама жүргізу» атты жобаның негізінде республикалық деңгейде зерттеу жүргізілді. Осылайша «Рухани жаңғырудың» артықшылығы мен кемшіл тұстарын көрсетіп, әр облыс бойынша талдау жасадық. «Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау» жобасының негізінде республика бойынша спартакиада, футбол турнирлерін ұйымдастырып, барлық облысты қамтыған спорттық челленджерді іске асырдық. Сонымен қатар, «Мен спортшы боламын» атты эссе байқауына 135 жас қаламгер қатысып, үздіктері қомақты қаржымен марапатталды. «Қоғамдық монитор» жобасы аясында вице-министр, депутат және қоғам қайраткерлерінен сұхбаттар алынып, бейнеролик түсірілді. Арнайы телеграм бот жасалып, халықтың мұң-мұқтажын ескеретін 1400 ұсыныс пен мәселе қоржынымызға түсті. Платформа жасалып, онда халықтың пікірін білу үшін арнайы айдарлар ашылды. Одан бөлек, Алматы қаласының шеңберінде «Дүйсенбілік футбол», «Қоғамдық сарапшы», «Таза қала», «Қауіпсіз жол», «Мемлекеттік қызмет мектебі», «Көзқарас», «Жастар онлайн», «Жас отбасы», «Self-Made ауыл жастарын әлеуметтендіру және тулектерді жұмыспен қамту мәселелеріне ықпал жасау» жобалары мен «Жастар саммиті», «Тәуелсіз Қазақстан», «Наурызбай жастары», «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне арналған патриоттық іс шаралар кешені», «Астананың 20 жылдығына орай еріктілер слеті» жобаларын сәтті жүзеге асырып, «Бағдаршам» жастарды бейімдеу орталығын аштық. Бүгінде «Жастар үні» рес­пуб­лика­лық қоғам­дық бір­лестігі жастардың салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдануына, тіл курстарын тегін үйреніп, білім алуына, қоғамдық өмірге белсене қатысып, тәжірибе жинауына барын салуда. Ауылдан келген жастардың қалаға бейімделуі мен базарда тірілік жасаған жастардың мәселелерін көтеріп жүрміз.

Ұйым жастар мәселесін ғана көтеріп қоймай, қаламызда нық азаматтық қоғам қалыптасып, демократиялық құндылықтардың насихатталуына жігі назар аударуда.

– *Сұхбатыңызға рақмет!*

Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ТЕМІРҚАЗЫҚ

ЭКОЛОГИЯ

Еліміздің экологиялық жағдайы алаңдатарлық деңгейде екені рас. Тіпті, Арал теңізінің ахуалы бүгінде әлем мәселесіне айналып отыр. Жыл сайын өзен-көлдердегі балықтардың қырылуы, ауаның ластануы, орман өрттерінің көбеюі секілді де салада добыл қағарлық жағдайға жетті. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында қабылданған «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасы қоршаған ортаға пана боларлық, саладағы қордаланған мәселелердің түйінін шешер жоба ретінде үлкен үміт күттіріп отыр.

«ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН» –
МАҢЫЗДЫ ЖОБА

Мәселен, жақында ғана Қостанай өңірінде тіркелген өрт қоршаған ортамызға айтарлықтай зардабын тигізді. 43 мың гектар орманның күлге айналғаны белгілі болып отыр. Оған дейін Зерендіде 104 гектар орман өртеніп кеткен болатын. Елдегі орман қорының 18-20 пайызы ғана Ұлттық мемлекеттік табиғи парктерде шоғырланғанын ескерсек, жыл сайын тіркеліп жатқан орман өрттері жан ауыртпай қоймайды.

Бұл мәселенің барлығын жігі бақылап отырған Қасым-Жомарт Кемелұлы 2020 жылдың қыркүйегінде 2025 жылдың соңына дейін елімізде 2 млрд ағаш отырғызуға тапсырма берген болатын. Бүгінде сол тапсырма орындалып келеді деп айтуға толық негіз бар. Ағымдағы жылы қаламгерлер мен қоғам белсенділері, мемлекеттік қызметкерлер мен еріктілердің есебінен отырғызылған ағаш саны 150 млн-нан асқан. Жыл сайын елімізде жергілікті атқарушы биліктің бастамасымен жоспарлы түрде көшеттер отырғызылуда. Биылғы жылдың өзінде елімізде 244 млн көшет отырғызу жоспарланған. Демек, ағаш отырғызу жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын таба бермек. Ең бастысы бұл сан жыл сайын ұлғая береді деп күтілуде. Президенттің тапсырмасынан бастау алып, ұлттық жобада көрініс тапқан ағаш отырғызу идеясы қазірдің өзінде қарқынды жүргізілуде. Жасалып жатқан жұмыстар да толық қадағалануда.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің өкілдері «Орман қорына 2 млрд ағаш отырғызу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігіне қоғамдық мониторинг жүргізу үшін Экология

министрлігінің қолданыстағы геопорталының базасында интерактивті картаны құру ұсынылады. Қазір осы геопорталда орман өрттері мен заңсыз ағаш кесу мониторингі онлайн режимде жүргізілуде» дейді.

«Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасында халықтың экологиялық білімін арттыру мен экологиялық мәдениетті көтеруге де көңіл бөлініп отыр. Осы бағытта жүргізілген жұмыстар аясында еріктілердің белсенділігі артып, «Қоқыс жинау», «Ағаш егу», «Көшеттерді суару» секілді түрлі челленджер де ұйымдастырылып жүргеніне куә болып отырмыз. Әлеуметтік желі арқылы табиғат жана­шырларының түрлі бастамалары да көбейген. Яғни, азаматтардың экологиялық сауаттылығы артып, табиғатқа жанашырлық танытып жүргендердің қарасы көбейіп келеді. Бұрынғыдай емес итбалықты ұрып, Қызыл кітаптағы өсімдіктерді жұлған, демалыс орындарында қоқыс лақтыратындардың әрекеті де елеусіз қалмай, көптің талқысына салына отырып қоғамдық дауға ұласуда. Демек, халықтың қоршаған ортаға ара түсу санасы қалыптасып келеді. Шын мәнінде бұл үлкен жетістік.

Бүгінгі күні таза су қорының жыл өткен сайын азайып бара жатқаны да мамандарды алаңатып отырған­дықтан «Жасыл Қазақстанның» бір тармағы «Үнемді Қазақстан», табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану мақсатына арналып отыр. Бірінші кезекте, бұл су ресурстарына және экономика­ның энергия сыйымдылығын төмендетуге қатысты айтылғанын ескерсек, бұл бағытта да қыруар жұмыстар аткарылып жатқанын байқауға болады. Ұлттық жоба аясында 2025 жылға қа-

рай сарқынды суларды ағызу көлемін төмендетуге қол жеткізу, қалдықтарды қайта өңдеу үлесін ағымдағы 18 пайыздан 35 пайызға дейін арттыру, сондай-ақ, елдің жалпы ішкі өнімінің энергия сыйымдылығын азайту аталмыш жоба аясында жоспарланған. Бұл тұрғыда Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі суды үнемді пайдалану есебінен өнімділікті арттыру міндеті шеңберінде 401 арнаны қайта жаңарту және 212 арнаны цифрландыру есебінен суару кезінде су шығынын 4 км² қысқарту жоспарлануда дейді.

Қосымша суару көздерін құру үшін 2025 жылға дейін Ақмола, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында жинақтау көлемі 1,7 км³ болатын 9 жаңа су қоймасын салу да жоспарланып отырған көрінеді. Қар сулары беталды ағып, тіпті кейде көктемгі су тасқынына себеп болып жататындықтан су қоймалары арқылы ағын суларды көшемізге жаратып жатсақ ғанибет емес пе?! Ұлттық жоба арқылы бұл бастама жүзеге асып жатса болашағы зор іс болғалы тұр.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «қазіргі заманғы су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, суармалы жерлердің алаңы 221 мың гектардан 420 мың гектарға дейін ұлғайтылатын болады» деген болжамы қазірдің өзінде аталмыш жобаның еліміз үшін қаншалықты пайдалы екенін айқындап беріп тұрғандай. Егер алдағы уақытта су көздерін тиімді пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы саласында ауыз толтырып айта алатындай жетістікке жете алсақ, мақсаттың орындалғаны.

Бүгінгі күні халықтың өмір сүруіне қолайлы орта құру және елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған «Жасыл Қазақстан» еліміз үшін өте маңызды жоба екенін аңғартып отыр.

Қуаныш ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»

КӘСІПОДАҚ ТЫНЫСЫ

ЕҢБЕККЕРЛЕР ҚҰҚЫН
ҚОРҒАЙТЫН ПӘРМЕНДІ ҰЙЫМ

Кәсіподақтар – еңбеккерлер құқын қорғауда пәрменділігі жоғары ұйым. Бұл ұйым тарихын сонау XIX ғасырдан бастайды. Осы кезде кәсіподақтар алғаш рет жұмысшылар ұйымы ретінде Англияда пролетариаттың капиталистік қанауға қарсы күресі ретінде пайда болған еді. 1920 жылдың өзінде барлық британдық жұмысшылардың 60 пайызы кәсіподақтарға мүше болды. Кәсіподақтар көмегімен жұмысшылар еңбекке, демалысқа, жалақыға және әлеуметтік қамсыздандыру құқықтарын қорғайды.

Бүгінгі күнге дейін батыстағы кәсіподақтардың ықпалы зор. Мысалы, ЕО елдерінің барлық Парламенттерінде кәсіподақ өкілдері жұмыс істеп, оларсыз бірде-бір заң қабылданбайды. Ал егер қандай да бір ауданның жұмысшылары ереуілге шыкса, басқа кәсіподақтар бірден оларды қолдап, қозғалыс ауқымды сипатқа ие болған жағдайда жұмыс берушілер мен үкімет шұғыл түрде келіссөз үстеліне отырып, ымыраға келуден басқа амалы қалмайды.

Қазақстанда кәсіподақтардың құрылу және даму тарихы XX ғасырда 1905 жылы Успен мыс кенішінде жұмысшылар одағының пайда болуымен басталады. Кеңес дәуірінде барлық кәсіподақтардың жұмысы бір орталық органда – 1948 жылы құрылған Қазақ кәсіподақтар кеңесінің бақылауында болды. 1990 жылы Қазақ КСР кәсіподақтар федерациясы құрылып, екі жылдан кейін ол Қазақстан Республикасының кәсіподақтар федерациясы болып аталды. Бұл ұйым бүгінде Қазақстан аумағындағы әртүрлі кәсіподақтардың қызметін бақылайды және үйлестіреді.

Елімізде Кәсіподақтар федерациясынан басқа тағы екі республикалық кәсіподақ бірлестігі – Қазақстан еңбек конфедерациясы және Қазақстан кәсіподақтары достастығы «Аманат» ұйымдары бар. Ұлттық экономика министрлігінің 2019 жылғы соңғы ресми статистикасы бойынша, сол кездегі республикалық кәсіподақтар федерациясы мүшелерінің жалпы саны 2 миллион 967 мың адам болды. Бұл ұйымға ел бойынша Қызылорда (88%), Павлодар (84%) және Түркістан (71%) облыстарындағы еңбек ұжымдары тартылды.

2022 жылға арналған жағдайға келетін болсақ, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Ерік Нұрақаевтың айтуынша, бүгінгі таңда кәсіподақ ұйымдарында кәсіпорынның 65 089

қызметкері болса, сонымен қатар 1257 бастауыш кәсіподақ ұйымы бар.

Кәсіподақ мүшелерінің арасында қызметкерлер санының көптігіне және оның жалпы дамуға бағытталған әртүрлі стратегияларына қарамастан, қоғамда кәсіподақтар туралы, тек туристік, санаторийлерге жолдамалар берумен және әртүрлі мәдени шараларды ұйымдастырумен ғана айналысатын кеңестік жүйе деген пікір қалыптасқан. Дегенмен, Еңбек конфедерациясының Бас хатшысы Мұрат Мәденизов кәсіподақтардың қажеттілігі мен маңыздылығына сенімді. Оның айтуынша, олар ТМД елдерінде де, Еуропа мен Америкада да белгілі себептермен болған және әлі де бар.

Қазақстан Конституциясына, «Кәсіподақтар туралы» заңына және халықаралық нормалар мен қағидаттарға сәйкес жұмыс істейтін Еңбекшілер және мүше ұйымдар федерациясының әлеуметтік әріптестіктегі республикалық деңгейдегі өкілетті өкілдігін ескере отырып, құқық нормаларын, оның негізгі міндеттерін Қазақстандағы барлық қолданыстағы кәсіподақтардың қызметіне қолдануға болады. Федерацияның арнайы жарғысы бар. Онда айқындалған ережелерге сәйкес кәсіподақтар:

– өз өкілеттігі шегінде мемлекеттік органдармен, жұмыс берушілермен және әртүрлі қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынаста қызметкерлердің атынан өкілдік етеді және олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды;

– әлеуметтік әріптестік, қызметкерлер мен жұмыс берушілер, олардың мүшелері арасындағы серіктестік жүйесін дамытуға қатысады;

– азаматтардың еңбек және әлеуметтік құқығы мен заңды мүддесін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға белсенді түрде атсалысады;

– еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады.

Федерация жарғысына сәйкес кәсіподақтар әлеуметтік әріптестік арқылы, атап айтқанда, салалық және аймақтық келісімдер мен ұжымдық шарттарда жұмыскерлерге жеңілдіктер мен қажетті кепілдіктердің барлық түрін белгілейтін қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғауы керек. Сонымен қатар, тұрғын үй мәселелерін, әлеуметтік әріптестік тараптары арасындағы өңірлік келісімнің орындалуын, өңірлердегі еңбек қатынастарының жағдайы мен жалақыны көтеруді, еңбек жанжалдарын қарастырып, шешіп, әлеуметтік әріптестікті одан әрі дамытуды қамтамасыз етеді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

4. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Железин аудандық ауруханасы» КМК бақылау кеңесі Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы Денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Железин аудандық ауруханасы» КМК басшысының бос лауазымына конкурс жариялайды.

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Железин аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны 140400, Павлодар облысы, Железин ауданы, Железинка ауылы, Квитков көшесі 50, тел.: 8(71831)22831, programmistcrb@mail.ru.мекенжайда орналасқан.

Кәсіпорын қызметінің негізгі түрі халыққа алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету, емханада және үйде бейінді консультациялық, диагностикалық және емдік көмек (амбулаториялық, стационарды алмастыратын) көрсету, бекітілген халықтың денсаулығын қорғау бағдарламаларын орындау болып табылады.

Конкурс ҚР ДСМ 27.05.2020 ж. № ҚР ДСМ-58/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы бақылау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе алқалы атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларына сәйкес өткізіледі.

Басшының негізгі лауазымдық міндеттері:

1) денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдер, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуы үшін, сондай-ақ, Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері үшін жауапты болады;

2) ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды. Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді;

3) ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылын көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына және өз тарапынан және оған бағынысты адамдардың сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға дербес жауапты болады;

5) ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмысының көрсеткіштерін бағалау негізінде ұйым жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді;

6) санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмысты үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер етудің басым факторларын айқындайды. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды;

7) гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуін, санитариялық қағидалар мен нормалардың және гигиеналық нормативтердің сақталуын жедел және зертханалық-аспаптық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады;

8) ұйым қызметінде, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелерінде медициналық этика, заңдылық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;

9) қызметкерлерді қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалармен келісімшарттар жасайды, мәмілелер жасайды. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады;

10) мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта ұйымның атынан өкілдік етеді. Медициналық этиканың, ішкі еңбек тәртібі талаптарының, аспаптардың, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдаланудың орындалуын, өртке қарсы қауіпсіздіктің, еңбек қауіпсіздігі мен қорғаудың, санитариялық-эпидемиологиялық режимнің сақталуын қамтамасыз етеді. Ұйымның уақытылы есептілігін қамтамасыз етеді.

Білу міндетті: 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясын, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексі, 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы, 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы, 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- 1) «денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білімі;
- 2) «Денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша сертификаттық курстан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім «Денсаулық сақтау және (немесе)» Бизнес және құқық « немесе MBA дәрежесі executive немесе fulltime;
- 3) денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаты;
- 4) денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 4) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардың көшірмелері не жұмыс өтілін растайтын басқа да құжат;
- 5) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінен соттылығының жоқтығы туралы анықтамасы.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби дарылық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ, алдыңғы жұмыс орнынан ұсынымдар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар үшін өтініштер мен құжаттарды қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында немесе «Павлодар облысының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ және «Железин аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК интернет-ресурсында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Құжаттар электронды түрде электрондық поштаға ұсынылады programmistcrb@mail.ru. Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей беріледі. Оларды бермеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Конкурс Павлодар облысы әкімдігінің, Павлодар облысы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Железин аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде, 140400, Железин ауданы, Железинка ауылы, Квитков көшесі, 50, тел.: 8(71831)22831 мекенжайы бойынша өтеді.

13. «B.D.INVEST» ЖШС, БСН 201140031681, өзінің «Amanat Corporation» ЖШС-не, БСН 030740011684, қосылуы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, О. Қозыбаев көшесі, 107 үй, н.п. 93.

15. Хабарландыру

Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар ауданының білім беру бөлімі» ММ Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Розовка ауылы, Гагарин көшесі, 2Д мекенжайы бойынша орналасқан «Павлодар ауданының Розовка бөбекжай-бақшасы «МКҚК ғимаратын күрделі жөндеу» жобасына ҚОҚ бөлімін жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда: https://есортal.kz/ және «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» сайтындаа https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions/lang=ru танысуға болады.

Жария талқылаулар 2022 жылғы 10 қазаннан бастап 2022 жылғы 16 қазанға дейін бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндері бірыңғай экологиялық порталда қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «A&G Engineering» ЖШС, БСН 071240018232, Павлодар қ., Генерал Дүйсенов к-сі, 136, тел.: 8 (7182)211-911.


Жария тыңдауды өткізу кезінде мекеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ, мекеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: ag_engineerng@mail.ru, телефоны +77015355574.

ЖАО жұртшылықтың қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге жауапты: «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ-нің бас маманы Теміргалина Әлия, электрондық мекенжайы: temirgalina.aliya@pavlodar.gov.kz, телефоны: 8(7182)-329379.

16. БҚО, Таскала ауылы, Жуков көшесі, № 3 мекенжайы бойынша орналасқан «Қалатас» ЖШС (БИН 120540017680) БҚО әкімінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 121 қаулысымен «Орал Құрылыс Жөндеу сервис» ЖШС-не (БСН 090240006249, мекенжайы: Орал қаласы, Желтоқсан көшесі, 6/1) қосылу арқылы кәсіпорынның қайта құрылатыны туралы хабарлайды.

Сонымен бірге Қалатас ЖШС-нің барлық құқығы мен міндеті өзгеріссіз толығымен «Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» ЖШС-не өтеді.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемида» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3638,40 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7276,80 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3844,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7689,60 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4538,40 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9076,80 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4744,80 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9489,60 ТЕҢГЕ

✉ zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

2. «Visa Time» ЖШС, БСН 211040015737, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 96 ғимарат, н.п. 96. Тел.: 87789000166.

3. «Паркинг Системс Астана» ЖШС, БСН 191140029784, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Тұран даңғылы, 42 үй, 55 пәтер. Тел.: 87013014965.

6. «Сапарғали Таншолпан» ЖШС, БСН 181040025439, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 17 шағын аудан, 72 корпус, 30-пәтер, тел.: 87028121595.

7. «KOSMOSMARKET» ЖШС, БСН 211240004362, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Байқоңыр қаласы, Максимов көшесі, 20 үй, 17 пәтер, тел.: 87763609900.

8. «СЕРІХАН» ЖШС, БСН 181140005256, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Балықты ауылы, Сыпатай батыр көшесі, 100.

9. «Магистраль 13» ЖШС, БСН 130540020721 (Қазақстан, Астана қаласы, Алматы ауданы, Айнакөл көшесі, 60 үй, 208 кеңсе), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Жетіген көшесі, 15/2 ғимарат. Тел.: 87012185651.

10. «РАБС» ЖШС, БСН 990540008999 (Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Қазыбек би, 81/83 үй, 13 пәтер), өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Қазыбек би, 81/83 үй, 13 пәтер. Тел.: 87759100001.

МҰРАҒЕРЛІК

11. 29.7.2022 жылы қайтыс болған Пахриддинова Амина Даджахановнаның; 29.3.2022 жылы қайтыс болған Исмаилов Берик Абитаевичтің аттарынан мұралық іс ашылғандығын хабарлаймын. Мұрагерлерінің Түркістан қаласының нотариусы Балтабаева Алия Оралбаевнаға хабарласуын сұраймын. Кеңсесі Түркістан қаласы, Тауке хан даңғылы, №180 мекенжайында орналасқан. Тел.: 87718175589.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874

ӨРТҮРЛІ

14. «Қазақстан» Республикалық Телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы сату бойынша электрондық аукционды өткізетіні туралы хабарлайды:
1. Daewoo Nexia, м/н 608AY02, нарықтық құны 1220000 теңгені құрайды;
2. ГАЗ 2705-242, м/н 879AY02, нарықтық құны 1714560 теңгені құрайды;
3. SKODA SUPERB V, м/н 037CX02, нарықтық құны 4670 000 теңгені құрайды.
Бағаны көтеруге арналған Аукцион 2022 жылғы 20 қазанда сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін веб-порталда өтеді www.gosreestr.kz.
Анықтама телефондары: 8 (727) 393-21-52.
Кепілдік жарнаның мөлшерлерімен, электрондық аукционды өткізу тәртібі туралы, сауда-саттыққа қатысуды рәсімдеу тәртібі туралы және жеңімпазды айқындау шарттары туралы электрондық сауда алаңында және «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ сайтында жария қолжетімділікте болатын электрондық сауда-саттықты өткізу регламентінде танысуға болады. www.gosreestr.kz.
Қосымша ақпаратты 8 (727) 393-21 52 «Қазақстан «РТРК» АҚ) және 8 (7172) 55-29-81 («Ақпараттық-есепке алу орталығы» АҚ) телефондары арқылы алуға болады.

5. Жылыой аудандық музейі «Киелі Кең Жылой – қасиет тұнған өнер мекені» тақырыбындағы колөнер шеберлерінің көрмесіне қатысуға шақырады.

Көрме талабы: колөнер шеберлері ағаш, тері, сүйек, жүн, мата, т.б, материалдардан ұлттық нақышта жасалған, салт-дәстүрлік құндылықтарды насихаттайтын немесе Жылыой ауданы туралы ақпар беретін бұйымдарын көрмеге қояды.

Үздік туындыларға қазылар алқасы жүлде тағайындайды. Жүлдесі берілген колөнер бұйымдары шебердің келісімімен «Жылыойлық шеберлердің қолымен жасалған» бұрышына қойылатын экспонат ретінде музей қорына алынуы мүмкін. Сондықтан, төмендегі жүлде қорына жобалас деңгейде бағаланатын колөнер бұйымдарын ғана көрмеге қояуды ұсынамыз.

Жүлде қоры: 1-орын (1 адам) 70 мың, 2-орын (2 адам) 40 мың, 3-орын (3 адам) 30 мың теңгеден тағайындалады және ынталандыру сыйлықтары.

Колөнер бұйымдарын 10 қарашаға дейін музейге әкелу сұралады. Бұйымдар 14-21 қараша күндері көрмеге қойылып, көрермендердің тамашалауына ұсынылады.

Хабарласу үшін: Г.Сабирова 8701 434 3252, «Атамұра» КМКҚ.

12. «KASKELEN SOLAR» (Каскелен Солар) ЖШС (БСН 200540007791) жарғғылық капиталдың 3 825 000 000 (үш миллиард сегіз жүз жиырма бес миллион) теңгеден 2 743 551 500 (екі миллиард жеті жүз қырық үш миллион бес жүз елу бір мың бес жүз) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240г үй, 5 қабат, индексе 050000 немесе электрондық пошта арқылы ueqinfo@universalenergy.com.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агентігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абайлы хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaidybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

БАЙҚАУҒА!

Die Welt ist voller Widerspruch*.

ГЕТЕ

Бұршақ

Сол жазда ірілігі жұмыртқадай бұршақ жауып, мұз түйіршіктері жап-жасыл бау-бақшаны жапырып тастады. Жер боз кебінге орағандай тоңази тұнжырап сала берді.

Арлан аулада велосипед шұқылап отырған. Батыстан көшкен көкшіл бұлттар мен ақ бұлттар аралас жүйткіп келеді. Бала бұршақ төпелей төккенде атып тұрып, ұялы телефонға түсірді, сосын қос алақанын жая тосты. Жер бетін басып қалған мөлдір бұршақтарды уыстап алғанда қолын қарып жіберді. Арлан зерек бала, физика пәнін сүйіп оқиды, аспанға барлай қарап, егер көғала бұлттармен ақ қаздардай бауыры ақ түстілері араласса жаңбыр суы тоңазып қатады, сөйтіп бұршаққа айналады деп түйді. Ғадетте жаңбыр құярда найзағай ойнап, көкте қара бұлт қаптайды. Жазда жауған бұршақ тосын құбылыс. Бұршақ соққан көкөніс пен жеміс-жидек үсиді, рәсуа болады.

Алтын күзде жазғы бұршақтың зардабынан жеміс азайғаны сезілді. Сенбіде Арлан таудағы атасына қонаға кеткен, бірақ үйге жексенбі күні айтулы уақытта кері оралмады. Әмина ұлына қоңырау шалғанда өшірулі қалта телефоны жүрегін зу еткізді. Арланға жұрт бір көргеннен сұқтанады. Он үш жасар келбетті жасөрім баласының бойы өз жасынан ұзын әрі сүйекті. Қыз балалар оған тез ынтық болатын. Баскалар оны актер болуға лайық санаса, Арлан каскадер болуды армандайтын. Сондықтан өзін киындыққа шындап, спорттың үш түрімен айналысады, жылқыға үйір-ақ. Тау ішінде тұратын атасының оңаша үйіне барғанда тай мініп, тау-тасқа өрмелеп, итін ертіп тоғай аралап кетеді.

Әмина мектепке әлі бармаған екі кішкентайынан шығып кете алмай, әуелі жұмысқа кеткен күйеуіне, содан кейін баласының достарына хабарласаты. Кешеден бері олар Арланды көрмегенін айтты. Арланның ата-анасы баласын шарқ ұрып іздеуге кірісті. Еркеш жұмыстан сұрана сала, ауылдан 13 шақырым алыс тұратын әкесінің үйіне Subaru Forester көлігімен ұшыртып жетті. Әкесі түсі суық, кісікім-теу адам. Ел қатарлы смартфон ұстамайды. Баласы үш рет ұялы телефон алып берді, біреуін қабылдаған жоқ. Еркіндігіме зиян келтіреді деп бас тартты. Жасы 55-терде. Тау етегінде ағаштан салған екі бөлмелі үйінде итмен жалғыз тұрады. Үйінен төрі мал қорасы үлкен, жүйрік ат, құлынды бие ұстайды.

Түскі сағат екілерде әкесі қора маңында күйбендеп жүр екен.

– Көке, Арлан кайда? – деп сұрады Еркеш.

– Танертен велосипедпен үйге қайтып кеткен. Оған не болды?

– Ол үйге оралған жоқ. Танертеңнен ұялы телефоны өшірулі.

– Мен қайдан білейін, балам. Қолды-аяқты жүгірмек бірнәрсеге елігіп ойнап кеткен шығар.


– Көке, ол сонда қайда кетті? Қайда баруы мүмкін?

Еркештің дауысы құмыға шықты. Әкесі қолына ұстаған ашаны жерге тастай салды.

– Не дейді. Таудан етекке түссе асфальт сайрап жатыр, жарты сағаттық жол, ол қалай үйге бармады?

Еркеш үндемей үйге кіріп кетті. Арлан түнде атасының үйінде қонды ма, қонабды ма, дереу соны білгісі келді. Оған баласы осы үйде қонабаған тәрізді елестеген. Әкесі бұдан бірденені жасыратындай жүрегі төмен тартты. Әкесінің төсегі арғы бөлмеде, бергі диванда Арлан ұйықтайды. Еркеш аяғын шешпей кіріп, дивандағы жастыққа бетін тықты. Бала шашының иісі мұрнына келмегенде алқмынан өксік буардай теңселді. Жүрегі бір сұмдықты сезгендей шаншып қоя берді. Ол есік алдына атып шығып, жан-жағына көз жіберді. Айнала боз баяғы қалпы.

Еркеш әкесіне ләм-мим демей кетуге оңтайланды. Автомобиль төмен зырылдап бұраландаған қара жолға түскенде ол кенет селк етті. Әдеттегідей аулада Барысты көрмегені миында жарқ ете түсті. Қуанып кетті. Ауылға тік тартылған асфальт жолға түспей кері бұрылды. Арлан алабай тұқымды ит Барысты өте жақсы көретін. Ит баланы көргенде арсалаңдап, кеудесіне басын тигізіп, бетінен жалайды. Еркеш балам Барыспен каскадерлік трюк жасауға атасына айтпай кетіп қалған



болды деп жорыды. Әкесі кетуінен кері оралуы жылдам болған машина дауысын естіп, елеңдеп есік алдына шығып тұр. Еркеш көлігін есік көзіне такай солқ еткізіп тоқтап, ішінен атып шықты. Әкесіне бетпе-бет келіп, көзімен көзі түйісті. Оның аузынан виски иісі бұрк ете түсті. Сол екі ортада ішімдік ішіп үлгергеніне Еркеш қайран қалды.

– Көке, Арлан итпен ойнап кеткен жоқ па? Күндіз ұйықтайтын әдетпен байкамай қалған жоксыз ба? – деп сұрады ол бастырмалата.

Әкесінің самарқау жауабы оны тік жардан итеріп, қара жерге тығып жібергендей болды.

– Барыс екі күн бұрын жоғалып кеткен, – деді әкесі қабағы түксііп. – Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді.

– Көке, менің балам кайда? Қайда кетті, неге Барыс жоғалып кетті?! Бәріне бірдей жұт келді ме? Неге үндемейсіз? – деп айкайлады ол.

Еркештің көзінен жас саулады. Қайтар жолда ол әкесінің анасы қайтқалы бұрынғыдай коньяк емес, оңашада қымбат виски ішетін жымысқы әдетіне жыны қозды. Бірақ баласымен қатар қасқыр алатын алабай тұқым ит жоғалып кеткеніне өте күмәнданып, қан қысымы көтерілді. Келіншегі төртінші балаға аяғы ауыр, не ойларын білмей жаны қысылды.

Дегелек

Түстен кейін шағын ауылды он үш жасар ұл жоғалды деген суыт хабар елге еткізді. Арлан туралы жаман хабар естігенде оның дос балалары сең соққандай не дерге сөз таппай сенделді. Сырттан келген полицейлер ауыл маңын сүзіп шыққан. Орта мектептің оқушылары үй-үйдің арасымен жүріп өтті. Арланмен бірге оқитын Жүлдизай еңіреп жылап жіберген. Оған дүние төңкеріліп кеткендей болып көрінді. Көзі бұлаудай болып ісіп кеткен жасөспірім қызын көрген ата-ананы үрей мендеді. Әлі бала ғой деп елемей жүргенде ересектерден бетер қайғыға батқаны қайран қалдырған. Себебі, қыз бала ас ішуден тыйылып, естен танардай күйзелісін жасыра алмаған.

Ауылда полицей қызметі жоқ, ауданнан жоғалған баланы іздеуге арнайы машина келді. Ішкі істер бөлімінің екі қызметкері ауылдан емес, іздеуді бала жоғалып кеткен жерден бастаған. Полицейлер тау арасын ізшіл итпен қарап, Арланды соңғы рет тірі көрген атасын біраз тергеді. Ол немересінің таңғы асын ішіп велосипедін мініп, үйіне кеткенін айтты. Бірнеше шақырым алшақ қонған жеке қожалықтарға барып сұрастырды. Ешкім ештеңе білмейді.

Арланның жақын досы Бағлан журналист болуға қызығатын. Ол өте байкампаз бала. Басқа балалар мән бермейтін нәрселерді бірден аңғарып, көріп қоятын. Арлан оған сен Шерлок Холмс сияқты керемет детектив болсаңшы деп таң қалатын. Досы

белгісіз жағдайда жоғалып кеткенін білгенде ол қағаз жазып отырған. Мейлінше көркем, әсерлі жазуға ниеті ауды.

«Дегелек – жыл құсы. Көктемде ақ дегелектер жұбын жазбай ұшып келді. Су жағалай мекендейді, отаны батпақ. Жылы жақты сүйеді, тропикалық жылы жақта қыстайды. Сирек құс. Атам оны киелі құс, онтүстікте ғана ұялайды, обал болғанда кейінгі жылдары сиреп барады, ұясын бұзба, жұмыртқасына тиіспе деп үйретті. Батпақта ұзын қызыл сирағымен жүргенде батып кетпейді. Менің білетінім, ақ дегелек вегетариан құс емес, қаздай шөпке жайылмайды. Ол бақа-шаян, қоңыз, кесіртке, тышқан тәрізді ұсақ жәндіктерді теріп жейді, су бетінен балық аулайды, жерден қоянның үркек көжегін іліп әкетеді. Бағлан оның балапанды түгімен жұта-тыны ұнамайды, көжекті жеп қоятыны жаман. Атам «Жылқының жауы бөгелек, жыланның жауы дегелек» дегенде оның қаншалық мықты құс екенін түсіндім. Жылан уы дегелекке дарымайды немесе безкөз құс жорғалауықты шақтырмайды, бірақ бүктейді.

Дегелектің ләйлек деген де аты бар. Атамың аңшы дүрбісімен биік ағаштың басына коқырайта ұя салған дегелектерді бірнеше сағат бақылап жүрдім. Денесі ақ, қанаты қара, сирағы қызыл. Үшкіл тұмсығымен бір-біріне соғады. Аңызда құс тілін білген Сүлеймен патша қос ләйлектің не десіп жатқанын түсіне алмас еді. Себебі, мұнда кәдімгі дыбыс шығару жоқ. Екеуі тұмсықтарын бір-біріне соғу арқылы сөйлеседі, сидан сирақ құстардың бір-бірімен тіл қатысуы, дыбыстауы осы. Атам адамнан жасырынбайтын ақ ләйлек тұмсықтарын соғыстыру арқылы тілдеседі, ал қалың нуды мекендейтін қара дегелек оған қарағанда әнші, барабанның таяқшаларын соққандай немесе таңдайын үздіксіз қаққандай тықылдайды, тырсылдатады, сөл шықылдайды, ыргакқа салған. Биіге арналған дыбыстардан аумайды.

Ұшқанда тырналар сияқты жіңішке шыбық сирақтарын артқа сілке тастап, ұзын мойнын алға соза ұшады. Соншалық керім. Олар қыркүйектің аяғына таман ескі қонысын тастап жылы жаққа ұшып кетеді. Мен жазда дегелектердің ұядан балапанын лақтырып тастағанын өз көзіммен көріп жыладым. Сол үшін төзімділік танытып дүрбімен ашық дәу ұясын ұзақ бақыладым. Сенгім келмеген. Рас болып шықты.

Біздің өлкеде қарқара, ұзын сирақ, жалғыз аяғымен суда тұратын құс болған. Қарқара – дегелек пен тырнаның тұқымдасы, бірақ қауырсын-қанаты қара. Құрғақшылықта, жұт жылы ұя салмайтын, жұмыртқа баспайтын құстар бар екен. Аштан өлмесін деп балапан шығармайды екен. Аң-құстар жабайы табиғи түйсікке бағынады. Атам дегелектердің ұядан балапандарын лақтырып тастайтын қатігездігін маған осылай түсіндірді. Қабығынан жарылған соң балапандарына жеген қорө-

гін құсып беріп жүрген камқор ата-анасы бұған неге барады? Ләйлектер өте әлжуаз, өмір сүру қабілеті төмен балапандарын өсірмей, ұядан лақтырып тастайды екен... Тек мықты тұқмыын аман сақтап қалдырады. Қанаты мықты болатыны содан шығар, олар ұзақ ұшудан қанаты талған көрі ата-анасын арқасына салып ұшады, жем таппаса асырайды екен».

Арлан соңғы сөйлемді жазып біткенде мобильді телефонына хабар келді. Тыңдаған соң оның көзі тұманданып сала берді.

Жұтқыншақ

Бір жұма өтті. Балалар қара жамылған-дай болды. Бұрынғыдай еркінсу жоқ. Ажал айтып келмейді. Балалар соны ұққандай болды. Маньяк, педофил, адам саудасы, адамды органға ұрлайды деген жат сөздерді бірен-саран балалар сыбырлап айтуға қошты.

Бағлан Арланды өзі іздесе тауып алардай тау жаққа жиі дүрбі салып қарайды. Сүйегі табылмаған досын өлі санауға қимады. Ата-апасы қатым түсірмек болды. Бағлан әкесімен жеке шаруашылық құрып, қой сатып әкелуге баратын болды. Ол атасы мен апасының оңаша әңгімесін құлағы шалды. Екеуі қатымға шақыратын кісілердің тізімін жасап отырған.

«Жұтқыншақты елмен қатар шақырмай-ақ қояйық, бізді көпір санаса өзі білсін», – деді атасы. «Ауылдың үлкендерін түгел шақырғанда білініп қалады ғой, жақын тұрады. Баяғыда болған кикілжіңді кешіре салсаңшы», – деп уәж айтты апасы. «Адамнан жасырғанды құдайдан жасырмайсың. Шауып бара жатқан жылқыны қапталдаса беріп, селебемен тамағынан орып жібергені көз алдымнан кетпейді. Астына мінген құла аттан фонтандай атқылаған қызыл қан шашырады, тізеден қан құйылды. Жануардың қатты кісінеген үні әлі күнге құлағымнан кетпейді. Елсіз жер, екеуміз олжа мал алуға шыққанбыз. Бұл сұмдық көрініс мені ұрлықтан сап тыйды. Құдай кесепатты көзіме көрсетті, атаңа нәлет ұрлықты сөйтіп тыйды. Содан кейін онымен жолымыз екіге айырылған», – деді атасы.

Бағлан өз құлағына өзі сенбеді. Атасы жасында мал ұрлаған ба? Жұтқыншақ деген кім? Атасынан сұрауға батпады, онда естімеуге тиіс нәрсені естіп қойғанын біледі.

Тауға баратын жол жоғары өрлейді. Туыстары әуелі қонақтарға кішкене күбі-ден айран құйды.

– Күбіні сарқып қымызды ішіп кетті, саумалды жолға шығатын кісі ішпейді, – деп күлді Күлән тәтесі. – Ағаң ала таңнан қой бағуға кетеді.

– Ақ ішкен жақсы ғой, қымыз ашымаса, айран бар, сусын талғамаймын, – деді Бағланның әкесі ағаш тостағанды сіміріп салып, – тәте, айран тіл үйіреді екен, тағы құйшы.

– Ас болсын, қалқам, – деді тәтесі күліп.

– Тауда кісі аяғы сирек болмаса, нағыз өмір сүруге таптырмас жер ғой, – деді Бағланның әкесі.

– Бірнеше шақырым алшақтау жерге жеке қожалықтар қонған. Бір-бірімізге жиі бармаймыз, бірақ иттердің үргені анық естіледі, жаққан оттың түтіні көрініп тұрады, – деді тәтесі. – Айтпақшы, екі жұма бұрын анау жатқан қою қара түтін шықты. Түн ортасы, не қылған өте тымырсық түтін деп біраз қарап тұрдым.

– Тәте, естімедіңіз бе, Жексен ағаның немересі табылмай жатыр. Біздің Бағлан-ның досы, мына балаға ауыр тиді, үндемей отырғаны сол, – деді әкесі.

– Естігенде кайтейін, жаным ашыды. Баяғыда бұлғакта бала өлмесін, шал өлсін деп айтады екен. Қарағдай бала не мүшкіл күйге ұшырады екен? Заман бұзылды ғой, – деп күрсінді Күлән тәтесі. – Резеңке өртегендей бықсық қара нор түтін, әншейін от жаққанда шығатын түтінен алаботен ауыр, жеңіл тарқамайды. Жұтқыншақ қоныс тепкен жатқан шықты.

Бағланның көзіне жас үйірілді. Сол қапталдан көрші қонғаны анық сол кісі. Жолай көрген. Жұтқыншақ деген сонда Арланның атасы болғаны ма? Ол кісінің есімі Жексен ғой.

– Мұнда полицейлер із кесіп келмеді ме? – деп сұрады Бағлан келгелі бері алғаш тіл қағып.

– Келіпті, ағаңнан сұрапты.Ол күні мен тіс салдыруға ауданға кеткенмін, – деді тәтесі.

Тау ішінде қой бағатын туыстары сирағын жіппен байлаған бір тоқтыны машинаның артқы жағына салып берді. Бағлан қорғансыз маңыраған қойдың көзіне қарамады. Жол бойы тілін жұттып алғандай үнсіз отырды. Бұрын жағы талмайтын бала. Әкесі ауық-ауық бетіне қа-

рап қояды. Бір қараса баласы қалың ойға батып кетіпті.

Бағланның миына сигнал сияқты тызылдап еніп, қос ой алмақезек жарыса жөнелді. Бірі ләйлектердің балапандарын ұядан лақтырып өлтіретіні, бірі ай толған түнгі тымырсық қара түтін. Оған бұл екеуінің арасында бір құпия байланыс бар сияқтанды. Арланның атасы...нелік-тен Жұтқыншақ атанған? Жылан қоянды тірі жұтады, ұшып жүрген бозторғайды жұтарда арбап түсіреді. Ертегіде мыс-тан кемпір қауіпті. Жалмауыздар неге құрымайды. Мұнда қандай белгі болуы мүмкін? Бірақ...Көз көрмегенге көп сөз жүрмейді. Көз жетпей күдік кетпес. Не істеу керек?

Иллюстрация

Сол түні көз ілмеген бала ертесінде сабақта мәңгіріп отырды. Бір сабақтан соң мектептен қашып кетті. Бағлан Ішкі істер министрлігіне қызық хат жолдады. Ол хатты комикс сияқты бірнеше текшелеп сюжетті суретпен салды. Биік ағаш өсіп тұр. Оның ұшар басында коқырайған ұя бейнеленген. Ұяда екі-үш балапанның басы қылтияды. Ұяда ақ дегелек отыр. Құс ұядан бір балапанын тістеп алды. Өлгі балапанды жерге лақтырды. Жерде балапан өліп жатыр. Тау суреті. Түн іші. Көкте толған ай. Аппақ ай. Дәу табақ. Тау арасынан қап-қара түтін шығып жатыр. Арланның мобильді телефонға түскен фотосын иллюстрацияға қыстырды. Комикс жаман шыққан жоқ. Астына қысқаша арыз жазды. Досы Арланның жоғалып кеткені туралы. Оның атасы тауда тұрады. Аудандық полиция түк таппады, сондықтан бұл қылмысты істі жауып қойды деп айыптап жазды. Адресі анық жазды.

Арада екі күн өткенде облыстан тексеру тобы арнайы жабдықталған машинамен келді. Арланның атасы тергеуде міз бақпады. Сол маңның радиусын сүзіп шығып, топырақ құрамын алып арнайы сараптама жасап тексергенде, ойпаң жер өртелгені анықталды. Өртелген уақыты бір ай бұрын. Бала жоғалып кеткен уақытпен сәйкес келген.

Тексеруші 55 жастағы ер адамды полиграф арқылы тексерді. Детектор әр сауалға қиыспайтын жауап берсе анықтап қояды, ол от, түтін туралы мүдіріп жалған айтқан. Тергеу амалдары аяқталғанда ол немересін өзі өртегенін мойындады. Бала атасының ескі үлгідегі мобильді телефонды тығып ұстайтынын біліп қойып, тың тыңдаған. Атасы үш жылқының таудағы үңгірге қамап қойғанын естіген. Оның ұрлық жылқыны сол жерден алып кететін, астыртын сауда жасайтын адамдары болған. Бала атасымен сыр бөліскісі келіп, доллар толы кішірек рухзақты өткенде қабырғадағы жасырын қуыстан көргенін айтады. «Ата, сен миллионерсің бе?!» деп сұрайды. Атасы ашудан жүзі әлемтапырақ түтігіліп кеткенін көріп қорыққаннан далаға жүгіріп шыққанда есік алдында көлденен жатқан итке сүрініп жығылған. Ажал аламын десе қиюын келтірмей қоймайды, баланың қарақұсы қабырғаға сүйеулі тұрған темір балтаға тиген. Балта әншейінде өз орнында жататын. Сол күні жылқының сан етін, орган жілігін шабу үшін босағаға қоя салыпты. Бала тіл тартпай кеткен. Төбет ұлып қоймай қойған соң жіпте жаюлы тұрған орамалды аузына көмейлетіп тығып жіберген. Баламен әуре болып, оның тамыр соғысын ұстап қиналып жатқанда төдет тұншығып өлген. Өте бір сайтан араласып жүргендей көрінген. Алаш рет қайғы жұттып күйзелген. Өзіне бауыр басқан тұңғыш немересі. Сосын баланың денесі суып кеткен соң мәйітін жасыру үшін түнде бензин құйып өртеген, күлі қалған. Ол ұрпағын ешқандай өлтіру ниеті болмағанын, құдай оны өмір бақи ашқоз, арам ас жеп, зұлымдықты тандап келгені үшін өстіп жазалағанын айтқанда басы төмен салбырап кетті. Ол шынын айтқан еді.

Сұмдық қылмысты естіген ел қара жер мұндай сұмды қалай көтеріп жүр деп айттысты. Оның лақап аты Жұтқыншақ екенін ауылда екі-үш құрдасы білетін. Жасынан жұтқыншағы шодырайып шығып тұрғандықтан атап кетсе керек. Бағлан атасынан мұны естігенде көзінен дастарқанға жас тамды. «Жексеннің өз кіндігінен туған балалары тұрмады, бірінші әйелі өлген соң ол балалы келіншекке үйленген. Қасқыр өз күшігін өзі жемейді. Қаны бөтен екенін көрсетті. Құдай жазасын берсін».

Арада үш ай өткенде Еркештің отбасында ұл туды. Ол нәрестеге өздерін зар еңіретіп жылатып кеткен үлкен ұлының есімін берді.

Түсініктеме
*Die Welt ist voller Widerspruch** Гете.
Дүние қайшылықтарға толы.

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №142 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты та-лап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар-да** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31